

«ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ:
ЫҚПАЛ ЕТУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ФАКТОРЛАРЫ»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

4-5 маусым 2020

PROCEEDINGS

of the international scientific and practical conference
«STRATEGIC DIRECTIONS OF SCIENCE DEVELOPMENT:
FACTORS OF INFLUENCE AND INTERACTION»

4-5 June 2020

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научно-практической конференции
«СТРАТЕГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
НАУКИ: ФАКТОРЫ ВЛИЯНИЯ
И ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ»

4-5 июнь 2020

ӘОЖ 001.8
КБЖ 72(063)
Ғ 96

Редакция алқасы:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ 96 **«Ғылым дамуының стратегиялық бағыттары: ықпал ету және өзара іс-қимыл факторлары»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар жинағы. – Алматы: «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020. – 132 бет.

«Стратегические направления развития науки: факторы влияния и взаимодействия» Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Алматы: Центр «Bilim Innovations Group», 2020. – 132 с.

Proceeding international scientific and practical conference **«Strategic directions of science development: factors of influence and interaction»**. – Almaty, Center «Bilim Innovations Group», 2020. – 132 p.

ISBN 978-601-332-747-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және ғалымдардың қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых по по актуальным проблемам современной науки.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and scientists on topical issues of modern science.

ӘОЖ 001.8
КБЖ 72(063)

ISBN 978-601-332-747-1

© «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020
© Center «Bilim Innovations Group» 2020

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ
FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕГІ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ю.Н. Камалов

П.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

Ф.А. Курабаева

П.ғ.к, доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

П.Н. Балташева

PhD-докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

Мақалада жаңартылған білім беру мазмұны, оның міндеті, жүзеге асыруға дайындау барысы, болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін конструкциялау мен модельдеу, конструкторлық-технологиялық іс-әрекетке кәсіби даярлығы мазмұнын жетілдірудің маңызды тұжырымдамалық бағыты қарастырылған. Сонымен қоса, бағыттың жүзеге асуын ғалымдар конструкторлық-технологиялық іс-әрекетті жобалау саласындағы болашақ мамандардың шығармашылық даярлығымен, кәсіби даярлықтың мазмұны мен мақсатты бағыттылығын анықтайтын сыртқы факторлардың бірі – болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін интеллектуалдық және пәндік-түрлендіргіш (жобалық) іс-әрекет бірлігін жүзеге асыратын қазіргі жасампаз еңбек түрлеріне белсенді араласуға алғышарттары қарастырылған.

Түйін сөздер: көркем еңбек, жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы, визуалды өнер, шығармашылық дизайн, оқу бағдарламасы, үй мәдениеті, конструкторлық-технологиялық іс-әрекет, сәндік-қолданбалы өнер, мәдениет.

Мемлекет басшысының 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек... Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» - делінген [1].

Ғылыми әдебиеттерге және жоғары оқу орындарының, қол өнер мамандығы бағдарламаларына жүргізілген талдаулар мен тәжірибелі маман педагогтардың пікір көзқарастары бұл проблеманың толық зерттелмегендігін дәлелдейді.

Мұндай жағдай білім алушыларды өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрыптары мен ұлттық өнер дәстүрлерімен таныстырып, ұлттық өнерге баулу қажеттілігін тудырады.

Осыған байланысты қазіргі білім берудің көкейкесті міндеті – көркем еңбек сабағында оқушыларды материалдарды қол құралдарымен өңдеу барысында оқушылардың дағдыларын қалыптастыру, дамыту, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындау болып табылады.

Осы орайда мектеп қабырғасында «Көркем еңбек» пәнінің алар орны ерекше. Себебі, бұл сабақта оқушылар шығармашылықпен жұмыс жасап, дағдыларын дамытып, қалыптастырады.

Оқушыларға қол еңбегін үйрету арқылы, қол құралдармен жұмыс жасау барысында олардың пәнге деген қызығушылықтарын, шығармашылық еңбекке деген сүйіспеншілігін, эстетикалық тәрбиесін, дағдыларын қалыптастыру әр мұғалімнің кәсіби міндеті болып табылады.

Қазіргі уақытта көркем еңбек пәні бойынша педагогикалық мамандарды кәсіби даярлаудың жүйесі нәтижелі бір жолға қойылмаған. Дегенімен, жаңартылған білім беру мазмұнында көркем еңбек пәні кіріктіріліп оқытылып жатыр. Бейнелеу өнері және сызу, технология пәндерін оқытатын жан жақты кәсіби дайындықтан өткен мамандар қажет.

Осыған байланысты, болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін кәсіби даярлау қажеттілігі және оны жүйелі жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті деңгейде негізделмеуі, болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін жаңартылған білім мазмұны негізінде кәсіби даярлаудың мүмкіндіктері мен оларды пайдалануға байланысты әдістеменің жеткіліксіздігі, болашақ көркем

еңбек пәні мұғалімдерін кәсіби даярлаудың, мұғалім мен оқушылардың жаңартылған білім мазмұны негізінде әдістемелік тұрғыдан кешенді қамтамасыз ету мәселелері туындауда.

Бүгінгі күні елімізде жаһандану үдерісінде бірнеше стратегиялық қадамдар жасалып, саяси, экономикалық, мәдени жүйенің өзгеруі әсерінен Қазақстанның нарықтық экономика жағдайында демократиялық жолмен дамуы білім беруі кеңістігінде де келелі өзгертулер енгізуде. Болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін конструкциялау мен модельдеу, конструкторлық-технологиялық іс-әрекетке кәсіби даярлығы мазмұнын жетілдірудің маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар конструкторлық-технологиялық іс-әрекетті жобалау саласындағы болашақ мамандардың шығармашылық даярлығымен байланыстырады. Кәсіби даярлықтың мазмұны мен мақсатты бағыттылығын анықтайтын сыртқы факторлардың бірі – болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерін интеллектуалдық және пәндік-түрлендіргіш (жобалық) іс-әрекет бірлігін жүзеге асыратын қазіргі жасампаз еңбек түрлеріне белсенді араласуға алғышарт жасау [2].

Көркем еңбек пәні елестету мен бақылау қабілетін, кеңістіктік және көру елесі қабілетін қамтамасыз ететін, әртүрлі шығармашылық әрекет барысында, көркем технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Түрлі материалдармен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, фантазиясы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Көркем еңбек пәнінің маңыздылығы: шынайы болмысты эстетикалық қабылдауды және еңбекқорлыққа тәрбиелеуді, адамның қоршаған әлеммен өзара байланысы жайлы білімді қалыптастырудың бірден-бір құралы болып табылады.

Көркем еңбек пәні оқу бағдарламасының мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік - образдық ойлауын, көркем-технологиялық білімнің негізін қалыптастыру. Ал, оның барлығын іске асыру үшін оқушы бойында қабілет те болуы қажет.

Оқушыларды шығармашылық тәрбиелеу үшін оның бойында қандай қабілет бар екенін ескеру керек. Жалпы өнер тапқыш адамдардың бойында туа біткен талант, дарын болуы мүмкін. Олардың бойындағы қабілетіне сәйкес оқу-әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылған жағдайда ғана мықты шығармашыл мамандарды дайындауға болады. Қандай бір іске қабілеті нашар, жалқау оқушы мен талантты оқушыға қойылатын талап бірдей болмайды. Қабілеттілік – бір нәрсеге жарамдылық немесе бейімділік, ептілік, ыңғайлылық, қажеттілік». Қабілетті адам – дамыған және дарынды адам». Ал шығармашылыққа «жаратушы, жасап шығарушы әрекеттік қасиет ретінде» анықтама беріп, соған байланысты «Шығармашылық қасиет көп адамға берілмейді» деген [3].

Сонымен, адамда қабілеттілік неғұрлым дамыған болса, ол соғұрлым әрекетті тең игереді, орындайды және әрекетті меңгеру оған қабілеттілігі жоқ саладағы оқуы мен қызметіне қарағанда субъективті түрде жеңілірек беріледі.

Ол үшін оқушылардың қабілеттілігіне назар аудару керек. Мысалы, электротехникалық мамандық бойынша оқитын кейбір ізденімпаз оқушылар теориялық білімдерін практикада жүзеге асыруға, өз қолынан техникалық құрылғыларды жасап көруге талпынады. Осындай талантты оқушылардың істеген істері мен жеткен жетістіктері жалқау оқушыларға өнеге болады. Олар да біртіндеп теориялық білімін көтеріп, практикалық ізденіске бет бұрады.

Адамның қабілеттілігі білім алу мен практикалық икемділікті тез қалыптастыруды оңайлатса, керісінше, олардың негізінде қабілеттілік те дамиды. Мысалы, адам өзінің конструкторлық қабілетін дамыту үшін техникалық конструкцияларын құрылымын жақсы білуі, оны практикада пайдалану икемділігі мен құрастыру дағдысының болуы шарт.

Оқушылардың конструкторлық қабілеттерінің рөлі көркем еңбек сабағында зор маңызға ие. Мұның өзі болашақ көркем еңбек пәні мұғалімінің конструкторлық қабілеті мен кәсіби даярлығы үдерісінің белгілі бір жақтарын, байланыстары мен функцияларын сипаттайтын базалық білім моделінің негізгі элементтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі педагогикалық және психологиялық ойлардың тарихында интеллектуалды, эстетикалық, конструкторлық ойлау әрекетімен оқытуды ұйымдастыру мәселесі ұдайы тұрақты қызығушылық туғызып отырады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық даму қозғалысы білім беру салсында оқыту процестерін жаңартуға талпынады. Өйткені білім қоғамның анағұрлым жоғары деңгейде дамуына септігін тигізеді. Оның жетістіктері көбінесе мемлекет тарапынан оған бөлінген орынға және мектептің жеткіншектер тәрбиесі мен білімін дұрыс жолға қоя білуіне байланысты болады. Қазіргі білім беру теориясы ақпаратты-репродуктивті оқытуды белсенді-шығармашылық және танымдық-нәтижелік

оқытуға алмастыру қажетігін болжайды. Қазіргі білім беру жүйесінің әрбір кезеңге шарттарды, ұйымдастырылған формаларды, оқыту әдістерді мен амалдарының талаптарын таңдау қажет [4].

Педагогикалық оқу орындарында конструкторлық-технологиялық құрастыруға оқыту тұжырымдамасы болашақ мұғалімдерді конструкторлық-технологиялық іс-әрекетке кәсіби даярлауда мәдени, құрастырушы факторы ретінде қарастырылады. Педагогика мен дизайнның байланысы мұғалімнің шығармашылыққа, педагогикалық және дизайнерлік сипаттағы іскерлік ойға бағыттылығын қалыптастырумен анықталады. Педагогикадағы дизайн дегеніміз - болашақ кәсіби мұғалімнің ой-өрісін дамыту, жетілдіру түсінігін береді.

Дизайнерлік іс-әрекеттің мәні мен жобалық тапсырмаларды шешуші кезеңдерінде де бірқатар еңбектер арналған. Олардың біразы жобалық іс-әрекетке өздерінің анықтамасын береді:

- жобалық іс-әрекет тарихи қалыптасқан, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда келісілген қажеттілік. Ол адамдардың шартты түрде мінез-құлықтық сипаттағы болжамдық жағдайларын ашуға, адамның қоршаған ортасына ықпал етуге бағытталған ;

- дизайнерлік іс-әрекет жүйелі көзқарастан, құрылымдық ұйымнан, жобалаудың тұжырымдамалылығынан, жұмыстың бірізділігінен, жобалық тілмен өнімнің өзіндік ерекшелігінен туындайды. Ол конструкторлық-технологиялық практиканың өзара байланыстағы түрлерін қарастырады;

- шығармашылық іс-әрекеттің мақсаты – адамның материалдық және рухани қажеттілігін толығымен қанағаттандыратын үйлесімді пән орталығын қалыптастыру. Бұл мақсатқа индустриялық өндіріс әдістері арқылы пәндер сапасын анықтаумен жетуге болады.

Бұл іс-әрекет оқу-шығармашылық сипатта болады және жобалық-зерттеушілік тапсырманы ұстанады. Жобалаушы-оқушының алдына қойылған оқу-шығармашылық тапсырма оның өзінің білімімен, іскерлік, дағдысымен шешімін іздестіретін проблема болып саналады. Оқу-шығармашылық тапсырмасының шешіміндегі проблемалық принцип ой ойлау қабілетінің нәтижесіне, оның жаңа білімді, іскерлікті меңгерудегі рөліне жауап береді.

Дизайн саласында конструкторлық қабілеті мен әрекеттің объектісі болып дизайнерлік іс-әрекеттің басқару процесі ретіндегі рөл техникалық-процессуалдық кешен әрекеті саналады. Ол ойлау және қолмен жасау әрекетінің өзара байланыстағы процесі жүйесінде, жобалау объектісінің немесе дизайн жүйесінің барлық кезеңдерінде жүзеге асады.

Осы айтылғандардан, жаңа, перспективалық бұйымдарды, кешендерді жобалау процесі процессуалдық-технологиялық қатынас негізінде жүзеге асады деп ой тұжырымдауға болады. Оқушылардың конструкторлық қабілетін дамытып, қалыптастырудың кешенді проблемасын шешу үшін барлық қатынастардың жақсы жақтарып кіріктіретін қатынас қажет. Сонымен, жоғарыда айтылғанның барлығы көркем еңбек пәнінде оқушылардың бойында конструкторлық қабілеттерін дамыту үшін қажет, бұл даярлықта білім, іскерліктің мазмұнына, оны ұйымдастыру формасына аса мән берілуі тиіс деп ой тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қоса, көркем еңбек пәні қолдың сенсорлық қозғалысы және қолдың буындары үшін өте маңызды. Көркем еңбек пәнінде қандай да бір бұйымды жасап шығару үшін міндетті түрде оның кәсіптік жағын қарастырамыз, оның сырт-пішініне, әдемілігіне, әрбір бөлшектерінің құрылысына, сипатына мән береміз.

Көркем еңбек пәнінің оқушылардың технологиялық мәдениетін, техникалық-технологиялық құзыреттіліктерін, еңбекке баулу, кәсіби өзін-өзі анықтау, жүзеге асыру және шығармашылықтарын дамытуда рөлі айрықша деп айтуға болады [3].

Көркем еңбек пәнінде оқушылар көркем материалдарды меңгеріп, еңбек әрекетінің және бейнелеу өнерінің технологиясын үйренеді. Олар оны зерттей отырып, бұйымның қасиеті мен сапасын анықтай алады. Сонымен қатар, өзінің қоршаған ортасын жан-жақты зерттей отырып, түрлі суреттер салып, оның құрылысын құрастырады немесе оның бейнесін мүсіндей отырып, дайын бұйым шығарады. Және де олардың назарын қоршаған ортадағы адамдардың кәсібіне, мысалы, суретшілерге қажетті іскерліктер: өмірді суретші көзімен көре білу, әрбір көрген затты көңілмен қабылдау, адамның ісіне, табиғаттың әсемдігін түсіне білуді үйрету.

Қазіргі уақытта қолданбалы өнердің сан алуан түрлерін қолдана отырып, түрлі бұйым дайындау арқылы білім алушылардың көркемдік талғамын, шығармашылық қабілеттерін, ақыл-ой дамуын, төзімділігін, ұқыптылығын т.б. тұлғалық сезімдік қасиеттерін дамытуға болады. Яғни, көркем еңбек сабақтарында көркемдік материалдарды қолдану қазақ халқының қолөнер саласындағы таптырмас құрал болып табылады [5].

Осы орайда әрбір педагог тарихи мәдени мұраларды, соның ішінде халықтың сәндік - қолданбалы өнерін оқушылардың көркемдік-эстетикалық тәрбиесінде мақсаттылықпен қолдана білуі тиіс. Өйткені сәндік - қолданбалы өнер формасы жағынан да, мазмұны жағынан да оқушылар

үшін түсінікті, олардың сұлулық сезімін дамыту күшіне ие. Бұл оқушылар туған және басқа халықтардың ұлттық мәдениетін игеруге, барлық дәуірлердегі шығармашылық еңбекке сұлулық идеалы мен шеберліктің қажеттілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру Астана, 2017 ж.
- 2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 тамыздағы № 1080 (РК МЖМС 1.4.002-2012) қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.
- 3 Көркем еңбек (Визуалды өнер және технология). Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныбына арналған оқу бағдарламасы – Астана, 2016. – 111 б.
- 4 Камалов Ю.Н., Балташева П.Н. Көркем еңбек пәнінде оқушылардың шығармашылығын дамыту. ҚР қол өнер саласының қас шебері Б.Симованың «Өмірім – өнерім» атты аймақтық ғылыми практикалық конференциясының материалдары. Шымкент: 2018.
- 5 Жолдасбекова С.А. Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлау: монография / С.А. Жолдасбекова. - Алматы: Әрекет-Print, 2008. - 330 б.

SISTI 14.35.01

PREREQUISITES FOR THE FORMATION OF PROFESSIONAL INTEREST IN FUTURE SOCIAL EDUCATORS IN A MULTILEVEL HIGHER EDUCATION SYSTEM

R.Zh. Toikin

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Modernization in the field of education, in a new way poses the problem of interest in pedagogical activity, as a leading motive mastering the profession. Today, the humanistic approach defines a personality with its needs and development as the highest value, and therefore, pedagogical activity takes on a new meaning in the form of a sphere of personal self-realization. The key position in the field of personalization is occupied by professional activities, the effectiveness of which will largely depend on the degree of interest in the profession, activity and desire to master it. The proposed article clarifies the content of the concept of “professional interest”, presents the structure of the phenomenon being studied, reveals the theoretical foundations of the formation of students’ interest in the future profession. In addition, the material presents the results of experimental work on determining the motivation for studying at a university of 1-3 year students, specialty 5B012300 «Social pedagogy and self-knowledge.»

Keywords: interest, professional interest, structure of professional interest, ascertaining experiment, learning motivation, organization of university activity.

The process of preparing a future teacher in pedagogical educational institutions includes not only the acquisition of knowledge, skills, but also the formation of interest in a future profession, and therefore the formation of professional skills, which is very important. To generate interest in a future profession, especially a teacher, one needs his own approaches, forms, methods, pedagogical technologies and means. Inadequate development of theoretical and methodological the basics of this process in terms of future training teachers in a vocational educational institution indicates a contradiction between: increasing demands on the quality of professional training of future teachers, the need for them to form an interest in the pedagogical profession. Studying the issue of interest and formation his students to the future profession, a literature analysis was carried out, which showed that the problem of professional interest in the holistic structure of university training takes one of the important places in the research activities of teachers and psychologists.

So, the methodological foundations of interest and motivation are reflected in the works of G.D. Babushkin, A.M. Kuzmin, I. Yu. Sazonov, I.V. Tarasevich, V.N. Tsivataya, S.D. Shloma. The psychological foundations of the development of cognitive interest and the motivation of learning in the works of EP are

widely studied. Ilyin, T.V. Shorokhova, O.I. Dubrovin. Pedagogical approaches to the development of the motivational sphere of students are studied in the works of V.N. Tsivataya, S.D. Shloma, E.N. Pletneva, V.V. Arnautov. Various aspects of the problem of developing professional interest in the educational process are reflected in the works of V.N. Tsivataya, S.D. Shloma, V.V. Arnautov. Of particular interest to us are scientific papers that examine the conditions for the formation and development of interest in the profession (G.D. Babushkin, V.N. Tsivataya, S.D. Shloma, V.V. Arnautov).

A study of the theory and practice of training social educators has revealed a number of significant contradictions in the aspect of our study, the main of which are:

- between the need of modern society for social educators interested in their professional activities and the low level of interest in the profession among university graduates.
- between the practical need for the formation of future social educators' interest in professional activities and the insufficient theoretical and methodological elaboration of this direction in the activities of the university.

Statement of the problem, goals. The main objective of this study is to determine the prerequisites for the formation of professional interest in a multi-level system of higher education. The objectives of the presented article: 1) to clarify the content of the concept of “professional interest”; 2) to bring out the main factors determining the interest in professional activity; 3) determine the motivation for studying at the university for students of 1-3 courses.

History. Professional interest occupies a special place in the general structure of human interests, since the effectiveness of future work depends on the degree of interest in the profession, activity and desire to master it. The interest in professional activity, as defined by the Encyclopedic Dictionary of Psychology and Pedagogy, is interpreted as a form of manifestation of cognitive need, ensuring the professional orientation of the individual to the recognition of the goals of professional activity and thereby contributing to orientation, familiarization with new facts, a more complete and deeper reflection of reality [1].

To fully comprehend the phenomenon under study, we turn to the structure of interest in professional activity. Grandmother G.D. identifies four components of the above structure: emotional, motivational, intellectual and volitional [2, 186 p.]. However, a number of authors studying the problem of interest as a category of pedagogy (A.M. Kuzmin, I.Yu. Sazonov, I.V. Tarasevich), offer an alternative structure of interest, since according to them, the components proposed by G. Babushkin, do not fully disclose the essence of the phenomenon of «interest» regarding professional activities. The alternative component is superfluous, arguing that the presence of interest eliminates the need to mention motivation - it is a priori. The volitional component in the presence of interest is also called insignificant, since interest is based on the orientational reflex. The cognitive component, in turn, is defined as the most important component of interest in professional activities. The emotional component demonstrates a person's attitude to the world, for this reason he cannot be represented in the structure of interest in the profession. It is also worth noting that a person's attitude to the world is manifested primarily in behavior, actions and the style of interaction with surrounding reality, thus, the structure of interest in professional activity should be supplemented with another component - behavioral [3, 73 p.].

In pedagogical research, interest is often understood as emotionally expressed cognitive orientation of the personality on mastery of any activity in the process of which a person realizes his inclinations, abilities, beliefs. Interest in professional activity encourages active study, consciously differentiating educational information into important and secondary information upcoming labor duties [4, 223 p.; 5, 20 p.]. In psychological and pedagogical research, close the relationship between interest in future professional activities and interest in teaching its basics. So, E. N. Pletneva considers an important factor the development of interest in learning the existence of a conscious need a student in knowledge as a real social and personally significant value [6, 24 p.].

Research Methods. To identify empirically the reasons for the interest of studying at a university among students of 1-3 courses, specialty 5B012300 «Social pedagogy and self-knowledge», Eurasian National University L.N. Gumilyov, a stating experiment was conducted aimed at determining the motivation for studying at a university.

The total number of respondents was 38 people.


As a method of obtaining data, we used the survey method, as the most common in social pedagogy. Its use is also due to its versatility, comparative ease of use and data processing. The advantage of our chosen method is the massive nature and short-term results. In the process of conducting the survey, the methodology “Motivation for studying at a university” proposed by T.I. Ilyin [7, 640 p.]. This technique includes three scales: “acquisition of knowledge” (desire to acquire knowledge, curiosity); “Mastery of the profession” (the desire to acquire professional knowledge and form professionally significant qualities);

“Obtaining a diploma” (the desire to obtain a diploma with the formal assimilation of knowledge, the desire to find workarounds for passing exams and tests). The predominance of motives on the first two scales indicate an adequate choice of a profession by a student and satisfaction with it. Applying the above questionnaire, we obtained the following results (Table 1.):

Respondents	Scale “knowledge acquisition», max. 12,6 p.	Scale «mastery of the profession», max. 10 p.	Graduation scale, max. 10 p.
Russian branch			
1st year			
1	5.4	5	8.5
2	3	4	8.5
3	10.8	3	4
4	10.8	8	7.5
5	11.4	10	7.5
2nd year			
1	7.8	1	3
2	9	4	4
3	6	5	8.5
4	9	4	7.5
5	9	6	8.5
3rd year			
1	7.8	1	6
2	6	6	7.5
3	12.6	0	7.5
4	7.2	5	8.5
Kazakh branch			
1st year			
1	10.8	9	7
2	9.6	6	5
3	4.8	2	8.5
4	7.2	0	8.5
5	9	3	8.5
6	11.4	7	7.5
7	3.6	3	1
8	9.6	3	0
9	6.6	7	8.5
2nd year			
1	5.4	10	8.5
2	3.6	4	6.5
3	9	7	7
4	9.6	6	2.5
5	7.2	7	8.5
6	9.6	9	8.5
7	9	9	8.5
8	6	5	5
9	11.4	7	7.5
10	7.8	0	6
11	3.6	8	8.5
12	10.8	7	7.5
13	7.2	4	8.5
14	5.4	8	5
15	9	6	8.5

Table 1. Motivation for studying at a university of students of 1-3 courses.

Histogram 1., in particular, the scale of “acquisition of knowledge”, clearly illustrates to us how significant an element in the learning process at a university is knowledge and its acquisition. The average indicators, according to the questionnaire, on this scale with the highest possible value of 12.6 points among first-year students reach 8.142 points, the respondents of 2 courses have an indicator equal to 7.77 points, while students studying in 3 courses have the highest score with a value of 8.4. Thus, in percentage terms, this scale encourages 64 % of first-year students to study at a university, 2nd and 3rd year students, and therefore, 61 % and 66 %.



Histogram 1. The average value of the results of the questionnaire, by courses.

E.P. Ilyin, in turn, believes that interests may, in fact, have no connection with cognitive needs and cognitive activity of a person, arguing that interests can arise on the basis of any need. As noted by E.P. Ilyin, “In this understanding, a person’s interest clearly shows not only the pleasure of the process of activity, but also the desire to get a useful result related to achieving the goal. It is no coincidence therefore that B.I. Dodonov has two types of interests: procedural, in which the goal is to enjoy the experiences of a certain activity, and the process-targeted, in which a person seeks to combine business with pleasure” [8, 167-168 pp.].

Based on the classification proposed by B.I. Dodonov, it would be logical to attribute to the procedural interests the mastery of the profession, while the “obtaining a diploma” scale is more likely to correspond to the process-target ones. Referring again to histogram 1, we aim to draw attention to the dominance of the “graduation” scale over “mastery of a profession”, this fact has the most significant difference among 3rd year students, where the average score on the “mastery of profession” scale with a maximum value of 10 points is 3, which is 4.3 points less than the average for the graduation scale with an identical maximum value. The ability to master a profession motivates sophomores by 58.5 %, while getting a diploma by 69 %. The lowest rates were found among respondents studying in the 1st year, only 50 % were interested in the desire to acquire professional knowledge and form professionally significant qualities, and 14 % higher than their desire to receive a diploma with formal mastery of the educational material offered at the university.

The available results of the questionnaire make it necessary to search for the organization of the educational process, in which the formation of interest in the profession will occupy a significant place, as well as the study of interest as a need-motivational structure. Interest in this regard is defined as “the subjective representation of the elements of the motivational-need sphere in the form of an incitement to activity on the part of functional motives, the satisfaction of which is associated not with the result, but with the process of activity” [9]. The psychological theory of activity answers similar views. Of particular interest to our study is the question of the development of motives described in this theory. So when analyzing the activity itself, the following path is proposed: movement from need to motive, then to goal

and action (P - M - C - D). In real activity, the reverse process is constantly happening: in the course of activity new motives and needs are formed (D - M - P). In the theory of activity, this process is called the mechanism of shifting the motive to the goal (another variant of its name is the mechanism of turning the goal into a motive). The essence of this mechanism is that the goal, previously motivated to achieve it by some motive, eventually acquires an independent motivating force, that is, it itself becomes a motive. It is important to emphasize that the transformation of the goal of motive can only happen if positive emotions are accumulated, acting as bridges that connect the subject with the system of existing motives, until a new motive is included in this system as one of them [10, 127-130 pp.]. It follows that the activity carried out in order to satisfy the initial need, while the satisfaction process is the motive itself, which gives rise to new motives and needs. Which inevitably leads to the conclusion: with the proper organization of the university, we form the need for students in further professional self-realization, which implies the qualitative assimilation of knowledge and will be the motive.

In the course of organizing the activities of the university, it is also worth noting that the duration of production training at the enterprise is one of the essential factors in the development of interest in a future profession. As O.I. Dubrovina notes, "The study of human activity in a production environment allows not only to enrich the theoretical basis of the psychology of labor, but also to delve into practical activities of the enterprise and contribute adjustments to the direct labor activity of employees" [11, 13 p.].

V.V. Arnautov connects the development of interest with continuity and transitional stages of learning. For example, stimulating interest to the teaching profession, in his opinion, is carried out more efficiently, if all the formative capabilities of the various components of vocational training (theory, pedagogical practice, extracurricular activities) and various types of educational institutions (kindergarten, school, college, university) [12, 207 p.]. In our opinion, such a position more deeply meets the requirements of modern education and a holistic pedagogical process. The formation of interest in future professional employment should be a holistic, continuous process based on the integration of subjects, which will allow students to "see" and understand the place specific courses in their future work practices, create a complete an idea of the future profession and the ideal of a professional, which means make the process of obtaining a specialty more meaningful and effective.

Conclusion. According to the previously set objectives of this study, we clarified the content of the concept of "professional interest", defined as a form of manifestation of cognitive need, ensuring the professional orientation of the individual to the recognition of the goals of professional activity and thereby facilitating orientation, familiarization with new facts, a more complete and deep reflection of reality. The practical part of the study revealed the current situation regarding the reasons for the interest of studying at a university, which states that today students are concentrated on obtaining a coveted diploma with a formal mastery of knowledge and a low level of mastery of the profession. It will be true to note that some of the respondents showed opposite results, that is, the desire to master a profession and gain high-quality knowledge in their chosen field plays a significant role in their educational process. Therefore, the prospect of this study will be to propagate a similar attitude towards studying at a university among most students of the specialty "Social pedagogy and self-knowledge" by developing a program aimed at increasing interest in the profession. An analysis of the scientific literature, in turn, allows us to note the factors of interest development that are necessary when developing a program. Namely: the educational process should be built taking into account the continuity and transitional stages of training, where all formative capabilities of various components of professional training (theory, pedagogical practice, extracurricular activities) and various types of educational institutions necessary for industrial training, which is also a catalyst for the development of interest in the specialty. With this approach, the student sets clear goals and accumulates positive emotions, an important component of a favorable psychological background, in which mastery of the profession takes place with great immersion.

References

- 1 Psychological encyclopedic dictionary. 2013. Available at: https://psychology_pedagogy.academic.ru/13785/профессиональный_интерес [date: 26.03.2019]. [in Russian].
- 2 Babushkin G.D. Psihologicheskie osnovy formirovaniya professionalnogo interesa k pedagogicheskoy deyatel'nosti. Omsk, 1990. P.186.
- 3 Kuzmin A.M., Sazonov I.U., Tarasevich I.V., Interes k budushei professionalnoi deyatel'nosti kak kategoriya pedagogiki, Obrazovanie I nauka. 2015. № 4 (123), P. 73.
- 4 Cyvataya V.N., Formirovanie interesa k professii socialnogo pedagoga v usloviyah vuzovskoi podgotovki. Moskva, 2000. P. 223.

5 Shloma S.D., Formirovanie interesa k professii u studentov kolledzha pri izuchenii specialnyh disciplin. Moskva, 2006. P. 20.

6 Pletneva E.N. Pedagogicheskie usloviya formirovaniya interesa studentov k ucheniyu I pogloshenosti uchebnoi deyatel'nosti. Moskva, 2008. P. 24.

7 Odegov U.G., Rudenko G.G., Apenko S.N., Merko A.I. motivaciya personala, — M.: izdatel'stvo "Alfa -Press". 2010. P. 640.

8 Ilin E.P. Motivaciya I motivy. Seriya "Mastera psixologii". — SPb.: Piter, 2002. P. 512, P. 167-168.

9 Shorohova T.V. Problema opredeleniya kategorii "interes" v sovremennoi otechestvennoi psixologii I pedagogike. Available at: <http://www.eidos.ru/journal/2004/1205.htm> [date: 26.03.2019].

10 Gippenreiter U.B. Vvedenie v obshuyu psixologiyu. — M.: CheRo, 1996. — 336 p., p. 127-130.

11 Dubrovina O.I. Psixologiya truda, inzhenernaya psixologiya I ergonomika, izdatel'stvo TGU, 2015. — 224 p.

12 Arnautov V.V. Razvitie interesa k professii uchitelya u studentov pedkoledzha v usloviyah uchebno-nauchno pedagogicheskogo kompleksa. Volgograd, 1995. P. 207.

ГТАМР 14.29.41

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА АТА-АНАЛАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

А.Е. Зарыпханова

Магистрант, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Е.И. Барабанова

Пс.ғ.к., доцент, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Ж.М. Аканова

Магистр, аға оқытушы, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

Мақалада инклюзивті мектепте оқитын балалардың ата-аналарының толерантты қарым-қатынас ерекшеліктерінің зерттеу нәтижелері көрсетілген. Қалыпты балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалармен өзара әрекетінің ұйғарынды тәсілдерінің нәтижелері талданды. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылар мен қалыпты дамуымен ерекшеленетін оқушылар үшін бірлесіп оқыту жағдайымен байланысты жағымды және жағымсыз сәттер қарастырылды. Зерттеу бойынша инклюзивтік мектепке баратын балалардың ата-аналары мүмкіндігі шектеулі балаларға толерантты қарым-қатынасты білдіреді.

Түйін сөздер: толеранттылық, ерекше білім беру қажеттіліктер, инклюзия, толерантты қатынас, инклюзивті оқыту, мүмкіндігі шектеулі адамдар.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде негізгі міндеттердің бірі, психикалық және физикалық ерекшеліктеріне, мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес әрбір баланың жеке тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау болып табылады [1]. Инклюзияны енгізу үшін тек мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің, тіпті толық жабдықталған, қолжетімді және оқытылған қызметкерлермен ғана жеткіліксіз. Балаларды бірлесіп оқыту үшін, бірінші барлық ата-аналарда жағымды қоғамдық пікірін қалыптастыру қажет.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты кез келген білім беру мекемесінің дамуындағы орталық міндеттердің бірі педагогтардың, мамандардың, ата-аналардың педагогикалық толеранттылықты қалыптастыру болып табылады. Баланың құндылықтарын, ойлау логикасын, мінез-құлықтың басқа да формаларын ескере отырып, құрдастарының мүмкіндігі шектеулі балаларға құрметпен қарауды тәрбиелеу және толерантты қатынасты дамыту маңызды шарттарының бірі [2].

Ата-аналар балалардың бірінші және негізгі тәрбиешілері болып табылады, егер олар осы проблеманы шешуде педагогтардың одақтастары болмаса, балада толеранттылықты қалыптастыру мүмкін емес. Педагогтар мен ата-аналар үшін толеранттылық – ортақ мәселе болып табылады [3]. Отбасы көп жағдайда балалар мекемесінде басты рөлді атқарады. Дегенмен, ата-аналар жиі жаудың астығын өздері себеді және байқамай жақтырмаушылық пен жек көрушілікті танытады. Балалар ата-аналардың бағалауын сіңіреді, сәйкесінше олардың басқа адамдарға деген

жағымсыз қатынастарын қабылдайды. Осыған байланысты тәрбиеленушілердің ата-аналарымен мақсатты жұмыс жүргізілуі тиіс. Ата-аналарға, балалардың қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу маңыздылығы жайлы түсіндіру қажет. Бұл мәселелерді тәрбиеленушілермен және ата-аналармен бірлесіп талқылауды ұйымдастыру қажет, ересектердің жеке мысалдары, балаларда басқа адамдарға деген құрмет сезімін және басқа көзқарастарға деген толеранттылықты тәрбиелейді. Егер ата-аналар осы сапаға ие болмаса, балалардың толеранттылығын қалыптастыру үрдісі қиыңға соғады [4].

Инклюзивті мектепте оқитын балалардың ата-аналарының толеранттылығын зерттеуде зерттеленушілер тобын жалпы білім беретін мектепте оқитын балалардың 40 ата-анасы және инклюзивті мектепте оқитын балалардың 40 ата-анасы құрады «Мүмкіндігі шектеулі балаларға толерантты қатынас» сауалнамасы бойынша алынған нәтижелерді талдайық. Бұл сауалнаманы инклюзивті мектепке баратын балалардың ата-аналары ғана толтырған.


Талдау бойынша ата-аналардың көпшілігі мүмкіндігі шектеулі бар балалардың дені сау балалармен (70 %) бірге дамуы тиіс екенін, ата-аналардың 20 % жауап беруге қиналғанын және 10 % мүмкіндігі шектеулі балаларды басқа балалардан бөлек тәрбиелеу қажет екенін атап өтті.

Кесте 1. Инклюзивті мектепте оқитын балалардың ата-аналарының сауалнама сұрағына жауаптар «Дені сау балаға ерекше қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынас жасауға тура келетінін елестетіңіз. Өзара әрекеттесудің қандай тәсілдері мүмкін деп есептейсіз?»

Жауап нұсқасы	Бұзылуы бар балалармен						
	Көру	есту	сөйлеу	ТҚА	интеллект	ПДТ	ЕЖБА
Жақын достық	12,5	0	5	25	0	0	0
Сабақтан кейін бірге қарым-қатынас: үйірмелерде	20	5	7,5	52,5	0	10	12,5
Бір сыныпта бірлескен оқу	30	20	35	75	2,5	2,5	5
Бір мектептегі оқу	60	55	60	80	25	57,5	37,5
Көшедегі кездейсоқ қарым-қатынас	30	0	22,5	62,5	0	10	0
Қарым-қатынасқа кедергі жасаймын	0	0	0	0	20	12,5	10

1 кесте бойынша ата-аналардың 25 % тірек-қимыл аппараты бұзылған балалармен және 12,5 % көру бұзылыстары бар балалармен жақын достықты рұқсат етеді. Тек көшедегі кездейсоқ қарым-қатынасты 62,5 % ата-аналар өздерінің балалары мен тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылған балалар, 30 % көру қабілеті бұзылған және 22,5 % сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен қарым-қатынаста көреді. Сабақтан кейін бірге қарым-қатынасты ата-аналардың көпшілігі көреді, егер балада ТҚА бұзылысы болса (52,5 %), 20 % – көрудің бұзылуы, 12,5 % – аутистік спектрдің бұзылуы. Ата-аналардың 75 % егер баланың қозғалыс бұзылыстары болса, 35 % егер сөйлеу бұзылысы болса, 30 % – көру және 20 % есту бұзылыстары бар балалармен бірге бір сыныпта бірлескен оқуға жол береді. Мектепте бірлескен оқу туралы сұраққа жауап берген ата – аналардың пайызы жоғары – 80 % мектепте тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылған балалар, 60 % – көру және сөйлеу бұзылыстары бар балалар, (57,5 %) - психикалық дамуы тежелген (ПДТ), 55 % – есту қабілеті бұзылған балалар, 37,5 % – ерте жастағы балалар аутизмі (ЕЖБА) және тек 25 % интеллектінің бұзылыстары бар балалар оқи алады. Ата-аналардың (20 %) интеллектісі бұзылған балалармен, (12,5 %) ПДТ және (10 %) ерте жастағы балалар аутизмі (ЕЖБА) бар балалармен қарым-қатынас кезінде кедергі жасайды.

Сонымен инклюзивтік мектепте оқитын балалардың ата-аналарындағы толерантты қарым-қатынасты көбінесе тірек-қимыл аппараты бұзылған, содан кейін көру және есту қабілеті бұзылған балаларға білдіреді. Интеллектісі бұзылған балаларға деген ата-аналардың толерантты қарым-қатынасы төмен пайыздық нәтижені көрсетті.




Шартты белгілер: Бұзылыстар: 1) көру, 2) есту, 3) сөйлеу, 4) тірек-қимыл аппарат, 5) интеллект, 6) ПДТ, 7) ЕЖБА;

Қатар 1 – Оқыту мүмкін; Қатар 2 – Оқыту мүмкін емес; Қатар 3 – Білмеймін.

Сурет 1. Инклюзивтік мектепте оқитын балалардың ата-аналарының «Жалпы білім беретін мектеп жағдайында ерекше қажеттілігі бар қандай балаларды оқыту мүмкін» сауалнама сұрағына жауаптар.

1-кесте бойынша қорытынды 1-сурет бойынша нәтижелермен келісіледі, онда барлық ата-аналар (92,5 %) ТҚА бұзылған балаларды оқыту мүмкіндігі туралы айтады. 37,5 % сөйлеу қабілеті бұзылған балалар болуы мүмкін. Егер интеллектісі бұзылған бала болса, ата-аналардың 80 % және 60 % ПДТ балалармен оқыту мүмкін емес деп жауап берді. (72,5 %) есту қабілеті, (67,5 %) көру қабілеті және (55 %) сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға қатысты ата-аналардың көпшілігі бірмағыналы жауап бере алмады.




Шартты белгілер: 1) Дені сау бала мейірімді болады, 2) Дені сау бала өзгелерге көмектесуді үйренеді, 3) Дені сау бала аяушылық, жанашырлық тәжірибесін алады, 4) Дені сау бала шыдамды болуды үйренеді, 5) Бұл педагогтар мен балаларды жақындастырады, 6) Бұл дені сау баланың қоғам өмірі туралы түсінігін кеңейтеді.

Сурет 2. Инклюзивтік мектепте оқитын балалардың ата-аналарының «Дені сау балалар үшін бірлескен оқыту процесінде қандай жағымды сәттер туындауы мүмкін?» сауалнама сұрағына жауаптар.

2-сурет бойынша ата-аналардың 60 % дені сау бала басқаларға көмектесуді үйренеді, (35 %) аяушылық, жанашырлық тәжірибесін алады, (30 %) шыдамды болуды үйренеді, (22,5 %) дені сау


баланың қоғам өмірі туралы түсінігін кеңейтеді Ата-аналардың (50 %) педагогтар мен балаларды жақындастырады немесе сау бала мейірімді болады (15 %) деп санайды.



Шартты белгілер: 1) Дені сау балалардың оқуға деген қызығушылығы төмендейді, 2) Дені сау балалардың үлгерімі мен даму қарқынының төмендеуі, 3) Балалар ұжымында қақтығыстардың пайда болуы, 4) Педагогтар, тәрбиешілер тарапынан дені сау балаларға көңіл бөлуді азайту, 5) Дені сау балалардың көңіл-күйі нашарлайды, 6) Жағымсыз сәттер жоқ.

Сурет 3. Инклюзивтік мектепте оқитын балалардың ата-аналарының «Бірлескен оқыту барысында дені сау балалар үшін қандай жағымсыз сәттер туындауы мүмкін?» сауалнама сұрағына жауаптар.

3-суретте инклюзивті мектепте оқитын балалардың ата-аналары көретін жағымсыз сәттер көрсетілген. Ата-аналардың жартысының көбі (67,5 %) педагогтар, тәрбиешілер тарапынан дені сау балаларға көңіл бөлуі төмендейді деп санайды, ата-аналардың (55 %) дені сау балалардың үлгерімі мен даму қарқыны төмендейді деп санайды. Ата-аналардың 20 % бұл дені сау балалардың үлгерімінің төмендігіне әсер етеді, ата-аналардың (15 %) балалар ұжымында қақтығыстардың пайда болуына әкеледі деп санайды. Тек 5 % дені сау балалардың көңіл-күйі нашарлайды деп санайды, ал 15 % мүлдем жағымсыз сәттерді көрмейді.




Шартты белгілер: 1) МШ бала кішкентай жастан бастап дені сау балалармен өзара әрекет жасауға үйренеді, 2) Олар құрдастары тарапынан қосымша қолдау ала алады, 3) МШ бала дені сау балалар ұжымының өміріне тең дәрежеде қатыса алады, өзін толыққанды сезінеді, 4) МШ бала дені сау балалармен қарым-қатынасты орнату барысында белсенді түрде дамиды, 5) Ата-аналар үшін олардың балаларын қалыпты мектепте оқыту фактісі-олардың психикалық көңіл-күйіне жағымды әсер етеді, 6) МШ балада түрлі іс-әрекет, қарым-қатынас түрінде өз қабілеттерін көрсетуге кең мүмкіндіктер пайда болады, 7) Жағымды сәттер жоқ.

Сурет 4. Инклюзивтік мектепте оқитын балалардың ата-аналарының «Қалай ойлайсыз бірге оқыту, тәрбиелеу кезінде МШ бала мен оның ата – анасы үшін қандай жағымды сәттер пайда болады?» сауалнама сұрағына жауаптар.

Ата-аналардың (77,5 %) МШ бала дені сау балалар ұжымының өміріне тең дәрежеде қатыса алады, өзін толыққанды сезінеді деп ойлайды, ата-аналардың (70 %) МШ бала кішкентай жастан бастап дені сау балалармен өзара әрекет жасауға үйренеді деп санайды, 62,5 % МШ бала дені сау балалармен қарым-қатынасты орнату барысында белсенді түрде дамиды және (37,5 %) құрдастары тарапынан қосымша қолдау ала алады деген ойда.

Ата-аналардың 30 % және одан төмен МШ балалары бар ата-аналары үшін олардың балаларын әдеттегі мектепте оқыту фактісі-олардың психикалық көңіл-күйіне жағымды әсер етеді деп санайды. Ата-аналардың (25 %) МШ балаларда түрлі іс-әрекетте, қарым-қатынас түрлерінде өз қабілеттерін көрсетуге кең мүмкіндіктер пайда болады және ата-аналардың тек 20 % ғана олар жағымды сәттерді көрмейтіні туралы мәлімдейді.



Шартты белгілер: 1) МШ бала дені сау балалар ортасында өзін көрсете алмайды, 2) Дені сау балаларға арналған оқу жүктемесі МШ балалардың физикалық және психикалық денсаулығын ұлғайтады, 3) Дені сау құрдастары тарапынан жағымсыз қарым-қатынас, 4) МШ бала оқу мен ойындар барысында дені сау балалардың артынан үлгермейді, бұл оның өзін-өзі бағалауын, өзіне деген сенімділігін төмендетеді, 5) МШ балалардың материалды меңгеруі үшін педагогтардың, тәрбиешілердің назары жеткіліксіз болады, 6) МШ баланың ата-анасында бірлескен оқытуға байланысты қосымша қамқорлық пайда болады.

Сурет 5. Инклюзивтік мектепте оқитын балалардың ата-аналарының «Қалай ойлайсыз бірге оқыту, тәрбиелеу кезінде МШ бала мен оның ата – анасы үшін қандай жағымсыз сәттер пайда болады?» сауалнама сұрағына жауаптар.

Ақын-жазушы болып қалыптасу үшін талантпен бірге үлкен еңбектің, ізденістің қажеттілігі белгілі. Ал сыншы болып қалыптасуда талант-біліммен қоса мінез қажеттілігі айтылады. Мінез – бұл көркемөнерге деген шынайы сүйіспеншілік, оның тазалығы үшін шындыққа жүгінетін күрескерлік қасиет, терең теориялық білімді өнердің эстетикалық қуатын аша білуге бағытталған парасаттылық, көркем шығарманың табиғатын терең түсінетін, ойын жүйелі де дәлелді жеткізетін байыптылық. С. Әшімбаев сын жанрындағы алғашқы мақалалары 19 жасынан бастап жариялана бастады. Оның бүкіл сыншылдық мағыналы ғұмырын жоғарыда айтылған мінез сипаттамасымен байланыстыра айтуға болады. Сыншылдық мұрасында өнердің, әдебиеттің тазалығы үшін күрес, жылт еткен жақсылықты, ізденісті көре біліп қуану, ұлттық әдебиеттің жетістіктерін әлем әдебиетінің тәжірибесімен байланыстыра байыптау, кемшілік пен халтураға рақымсыздық – мақалаларының басты арқау екені айқын аңғарылады. Сын жанрының XX ғасырдың 70-80 жылдарында теориялық және әдіснамалық тұрғыдан айтарлықтай биіктеуінде

С. Әшімбаевтың ізденісі, еңбектері маңызды орын алатынын айтуымыз керек. Жасындай жарқ еткен қысқа ғұмырында С. Әшімбаевтың бергенінен берері көп екені даусыз еді. Тоталитарлық жүйенің жүрекке түсірген ауыр салмағы таланты енді кемелденген мағыналы да мәнді ғұмырды жаншып кеткені сөзсіз. Жарияланған еңбектері бір-екі томнан аспағанымен, мазмұн байлығымен, авторлық биік өресімен, парасаттылығымен, көркем шығарманы талдай отырып, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге бейтарап қарай алмайтын азаматтық белсенділігімен, адамдық кең пейілімен, тазалығымен оқырманын баурап алады. Ұлттық әдебиеттің мәртебесін биіктетуге шын пейілмен қызмет еткен сыншы дарынды ақын-жазушылардың шығармаларындағы жетістікті, дәстүр жалғастығын, бүгінгі әдеби процеске әкеліп жатқан жаңалығын үлкен құштарлықпен жазды. Өзі бейтарап қалмаған жайға оқырманын да бейтарап қалғызбады. Осы ұшқыр ойлы, түйгені мол сыншы еңбегі әдеби ортада өз бағасын алды. «Сын мұраты» атты сын кітабы үшін (1974) С. Әшімбаевқа Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Кітап автордың сын жанрындағы кең мүмкіндігін, өзіндік үн-көзқарасын танытты. Қай тақырыпқа, әдебиеттің қандай өзекті мәселесіне қалам тартпасын, ол мол теориялық дайындығын, арғы-бергі әлемдік, ұлттық әдебиеттің тарихын жақсы білетіндігін, сыншылдық сарабалдығын аңартты. Тереңнен толғап жазу, шынайы көзқарасын бүкпесіз білдіру – С. Әшімбаев сыншылдығының көрінісі болып танылды. Сын жазудың жауаптылығын сезінген ол білімдарлығымен, әділдігімен, турашылдығымен әдеби қауымның назарын өзіне аударды. Оның кітапқа енген сын мақалалары сол кездегі әдеби процесті, белгілі қаламгерлер мен жас прозашылардың творчествосын талдауға бағытталды. Көркемдік шеберлік мәселесін бірінші кезекке қойды. Автор туындысының тақырыптық-идеялық мәнін ашу мен кейіпкер келбетін танып түстеуде көркемдік мәселелерін, тілдік-стильдік құбылыстарды, дәстүр жалғастығын кеңінен сөз етті. «Қазіргі қазақ әдебиетінің қай жанрына назар аудармаңыз, оның творчестволық және профессионалдық даму эволюциясына, қалыптасқан өзіндік дәстүрі мен мәдениетіне, шындықты көркемдікпен бейнелеу құралдары жағынан ізденіс үстінде екеніне көз жеткіземіз» [1, 3 б.], – деп жазды сыншы әдеби процесті жіті қадағалап. Және осы сыншылдық тұжырымын кітаптың өн бойында дәлелдеп көрсете білді.

С. Әшімбаевтың әдебиеттің келешегіне алаңдаған елгезек көңілін де аңдаймыз. Сыншы науқаншылдыққа қарсы. Жазушының мерейтойы деп, оңды-солды жазуға қарсы. Сын дегенің де өзінің арнасымен, басты бағытымен дамуы, әдебиетке, дарынды авторға қызмет жасауы тиіс. Сыншы автор менен оқырманды байланыстырып жататын алтын көпір іспетті болуы қажет. Осы ретте С. Әшімбаев мерейтойды күтпей, әдебиеттің дарынды тұлғаларының шығармашылық портреттерінің жазылып жатуын қалайды. Ол сыншының көрсеткеніндей сыпыра мақтауға, не даттауға құрылмауы керек. Суреткердің творчестволық өмірбаянын, өсу эволюциясын, адамдық-азаматтық болмысын оқырманына дүркін-дүркін жеткізіп жатуы орынды. Сыншы С. Әшімбаев мақалаларының тағы бір сипаты – көркем туындыны тақырыптық-идеялық, шеберлік тұрғысынан талдауда сол шығарманың қоғамдық, халықтық мәнін естен шығармайды. Мақалаларында әдебиет пен өнердің, мәдениеттің өткені мен болашағын, көкейкесті мәселелерін айта отырып, оның ұлттық сананың биіктеуіне қаншалықты әсер-ықпалы бар деген жай үнемі толғандырып отырады.

Белгілі сыншы, академик М. Қаратаев: «Сын мұраты» – Сағат Әшімбаевты «сынның сарапшы сарбазы» қатарына қосқан шын туындысы» [2], - деп жазды. Бұл пікірді сыншы З. Серікқалиев те қуаттады: «С. Әшімбаев қызмет бабы, лауазым ырысымен емес, ең алдымен, өзінің парасат байлығымен шын мәніндегі мемлекет, қоғам қайраткері биігінде өлмес өмірін біржола баянды етіп кетті» [3]. Әрине, әріптесі З. Серікқалиевтің пікірі де С.Әшімбаевтың ұлттық әдебиеттің тазалығын ту еткен, шын шебердің туындысын танып, бағалап, қазынасын халқына насихаттаған сыншылдық-эстетикалық көзқарасынан туындады деп білеміз. Оның қайраткерлік тұлғасының өзі қоғамға, қоғамның әсер-ықпалынан туындап жататын адамдар арасындағы жөнсіздікке, қайырымсыздыққа деген бітімсіз көзқарас-пайымынан бастау алып жататыны аян. С. Әшімбаевтың азаматтық-қайраткерлік тұлғасын оның сыншылдық көзқарасынан ажыратып алуға болмайды.

С. Әшімбаевтың сыншылдық ерекшелігі – көркем ой мен қоғамдық-әлеуметтік, дүниелік құбылысты салыстыра-сабақтастыра алуы және сол арқылы маңызды философиялық ой түюге ұмтылысы дер едік. Ортаға, орта қалыптастырған әр алуан мінезге, жаратылыстың мәні мен адамдық мұрат-ізгілікке сыншылдық тұрғыдан үңіліп, ой сабақтау ұлы Абай туындыларының жаңашылдық сипаты болса, С. Әшімбаев та әдеби сын мақалаларында көркем шығармадағы кейіпкерлер тағдырын талдай отырып, адамдық категорияларға айрықша ден қояды. Өз ортасындағы қоғам тудырған әр алуан жағымсыз құбылыстар да сыншыны бейтарап қалдырмады. Осы бейтарап қарай алмаудың өзі С. Әшімбаевтың азаматтық-қайраткерлік тұлғасының іштегі шиыршық атқан күш-қуаты болды дейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әшімбаев С. Сын мұраты. – Алматы: Жазушы, 1974. – 246 б.
- 2 Қаратаев М. Сынның сарапшы сарбазы // Жас алаш. – 1992. – 25 тамыз.
- 3 Серікқалиұлы З. Сымбаты бөлек сыншыл ой // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 27 мамыр.
- 4 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 62 б.
- 5 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985. – 246 б.

GTAMP 16.41.99

РУНИКАЛЫҚ ЖАЗБАЛАРДЫҢ ЖАНРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

А.А. Есенбаева

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

С.Қ. Қожағұлов

Ф.ғ.к., қауым.проф., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

The main purpose of the article is to promote our spiritual heritage, heroic deeds and historical figures of our ancient ancestors, and scientific disclosure of its true nature. In European and Russian literature, the research of the ancient runic script of the new concept of «educational technologies» began from an early time. The main purpose of the article is to promote our spiritual heritage, heroic deeds and historical figures of our ancient ancestors, and to reveal its true nature scientifically. In European and Russian literature from an early time, the research of the ancient runic script of the new concept of «educational technologies» began in this regard, the article says that it is important for us to first meet the people who created literature, to show important facts about their lives.

Keywords: Runica, turkish people, kazakh people, Kul-Tigin, Bilge-Kagan, Bulmyn-Kagan, Tonykok, Elterys.

Руникалық жазбалардағы көркем бейнелердің сипаты қандай құрылымда және қандай жанрда жазылған? Бұл ескерткіштер түркі халықтарының сол кездегі ауызша әдебиетінің жалпы сипаты туралы қандай мәлімет бере алады? Міне, бұл мәселе ертедегі руникалық түркі әдеби ескерткіштерінің негізгі мәселесі болып табылады.

Руникалық жазбалардың жанры жағынан әлі тиянақты анықталған жоқ. Бұл маңызды мәселені шешу – түркологияның қазіргі таңдағы маңызды бір міндеті. Сөйткенімен, көркем шығарма ретінде арнайы зерттелмегенмен, Орхон жазуларындағы әдебиеттің белгісін танып, оның

өлендік қасиетіне мән берген ғалымдардың бағалы сөзін аттап өту әсте жөн болмас еді. Өйткені, әр жерде, сөз арасында айтылған бірді-екілі мұндай құнды пікірлердің беріректе қомақты зерттеулерге сүрлеу салғаны даусыз.

Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі орта буынға білім беріп жүрген ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шындайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы. Онсыз алға жылжып, нәтиже көруіміз екі талай. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу. Ол әрине руникалық жазбаларға, оны оқытуға, әдістемесіне тікелей қатысы бар.

Мәселен руникалық жазбаларға, оны оқытуға, әдістемесіне қатысты жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді оқыту қағидатына байланысты тоқталсақ. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (2016) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшеніп, бағаланады. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың көне дәуірдегі руникалық жазбалар және оның әдебиеттегі орны туралы ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Руна жазуларының жанрлық табиғаты туралы тюркологияда қазір қарама-қайшы екі түрлі көзқарас қалыптасып келгенін айта кеткен жөн. Оның бірі А.Шербактың, екіншісі И. Стеблеваның есімімен байланысты. А. Шербак былай деп жазады: «Өзінің сипаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды (А.Шербак. Соотношения аллитерации и рифма в тюркском стихосложении. «Народы Азии и Африки», №2, 1961). Басқаша айтқанда, Шербак Орхон ескерткіштерін әдебиет үлгісіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, Түрік қағанатының қысқаша, дәл тарихи деректері деп қарайды. Осы айтылған пікірді тарихшы Л. Гумилев қуаттап жүр: «И.В.Стеблеваның монографиясы Күлтегін мен Тоныкөктің құрметіне арналған жазуларды өлеңге жатқызып және оны тарихи поэма ретінде дәлелдеуге әрекеттенген. Автордың сонысына қарамастан, біз одан өлеңге ең қажетті нәрсе – ырғақты, өлеңге лайық жолдарды таба алмадық. Сол себептен де: Сипаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды деген А.Шербактың тұжырымына қосыламыз» дейді ол (Л. Гумилев. Древние тюрки, Москва, 1967.). Демек, Л.Гумилевте көне руналарды жыр емес, түркі халқы тарихының тек қысқаша шежіресі ғана есебінде танып отыр. Бұл пікірді біз түгелдей қостай алмаймыз. Өйткені, көне түркі руналарын өлең жолына түсіріп, ақындық өнердің үлгісі деп танып, алғаш рет композициялық, жанрлық, стильдік тұрғыдан тексерген И.Стеблеваның монографиясындағы батыл да бағалы тұжырымдарды ескермеу тіпті мүмкін емес. Оны оқушылардың ой логикасына енгізудің еш артықтығы жоқ. Құлмат Өміралиев: «Сөз жоқ, Орхон – Енисей жазбалары бұл күнде тарихы белгілі ең көне сөз үлгілері. Бірақ бұл ескерткіштер 4-5 ғасырлардағы түркі халқының фольклорлық әдебиетінің, нақтырақ айтқанда, ауызша поэзияның сипаты қандай болады деген сұраққа бірден жауап бере алмайды. Өйткені, бұл жазулар - өлең өлшемінде туған поэзиялық туындылар емес. Түркі халықтары өлеңіндегі силлаботоника теориясын негіздеген Ф.Корш («Древнейший народный стих турецких племен» СПб. 1909) Орхон жазулары мен түркі халықтары өлеңінің арасындағы ырғақ сәйкестігіне назар аударған еді. Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

Критериалды бағалау технологиясын енгізудің мақсаты:

- көне жазбалар, оның ішінде руникалық жазбаларды білу үшін мектепте әдебиетті оқыту сапасын жоғарылату;
- көне жазбалар, оның ішінде руникалық жазбаларды мектеп бітірушілердің бағдарламасын халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:

- алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- бағаның әділдігі;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критериалды бағалау технологиясы арқылы бағаның қойылуы:

– Критерий бойынша оқушының оқу жетістіктерінің көне дәуірдің негізгі белгілері руна жазбаларын тану деңгейі белгіленеді.

- Осы арқылы нақты балдар немесе бағалар қойылады.

Критериалды бағалау технологиясы – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген көне дәуір әдебиетін білу жетістіктермен салыстыру үрдісі.

Бағалауды қолданудың екі тәсілі:

– Қалыптастырушы бағалау – (formative) баға жақсарту мақсатында жасалатын қадамдарды анықтау үшін көне дәуір әдебиеті мен ағымдағы жағдай туралы мәліметтер алуға қолданылады.

– Жиынтық бағалау – (summative) өтілген кезең бойынша зерделенген руникалық жазбалар жай ескеріліп, материал мөлшерін анықтауға, көруге қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау – сабақта әдебиет сабағында күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы әдебиет пәні бойынша өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

Қолданылуы:

- Әдебиет пәні бойынша негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек.
- Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады.
- Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.
- Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл қойылғанда руналық жазбалар жөніндегі түсінігі де есептелінуі шарт.

Негізгі ұстанымдар

- Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.
- Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт.
- Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.
- Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Жиынтық бағалау (суммативное оценивание):

- Жиынтық бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады.
- Мазмұны оқылған әдебиеттегі руникалық жазбалар туралы материалды қамтуы керек.
- Жиынтық бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады.

Критериалды оқытудың маңыздылығы:

Әдебиеттен сабақ беретін мұғалім үшін:

– Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра, көне дәуір жөніндегі жеке білім алу траекториясын құру.

Әдебиеттен білім алатын оқушы үшін:

Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін:

Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Критериалды бағалау технологиясының артықшылығы:

- Нақтылық
- Әділдік
- Ынталандыру
- Белсенділік
- Жеке тұлға

Критериалды бағалау технологиясының оқытуды жақсартудағы 5 қағидасы:

- Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.
- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

- Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.
- Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Бағалаудың мақсаты:

- Оқытудың қиындықтарын анықтау;
- Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);
- Болжау және сұрыптау;
- Стандарттарды бақылау және орындау;
- Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

Қалыптастырушы бағалау.

Әдебиеттен сабақ беретін мұғалім үшін:

- оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады;
- оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді;
- жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке-жеке мақсаттар қояды.

Әдебиеттен сабақ алатын оқушы үшін:

- өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі;
- маңыздыны түсінуге көмектеседі;
- қолынан не келетінін түсінеді;
- білмейтін тұстарын анықтайды;
- нені істей алмайтынын нақты түсінеді» [8,146].

Осы тұрғыда өткізілетін нақты әдебиет бойынша сабақтарды енгізу – руникалық жазбалардың оқушы үшін маңызы жоғары болмақ. Ал осы тақырыптың әрі қарай жалғастыру мақсатында – руникалық жазбалардың ішінде «Құл тегін», «Тонуқук» туралы жан-жақты айту аса қажет материал.

«Құл тегін», «Тонуқук» – поэзия да, творчестволық өлең-жыр да емес. Олар, жұрт айтқандай, «поэма» да емес, түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме. Оның стильдік ерекшелігі, бірінші жақтан баяндалуы («Мен»). «Құл тегін» айтып отырып жаздырылған («барқ ітгүні, бедіз йаратғыма, бітіг таш ітгүчі табғаш қықан чықаны Чаң сүңін келті ...»). «Тонуқук» та айтып отырғаны «Түрк Білге қаған ініңе бітітдім (жаз-дыр-дым) бен Білге Тонуқук». Сондықтан да бұлар ауызекі сөйлеу тілінің баяндап айту нормасына жақын» [9, 22-28 б.].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - Астана, 2014. - 132 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Қазақстан халқына Жолдауы.-Астана. 17 қаңтар 2014 жыл.
- 3 Шербак А. Соотношения аллитерации и рифма в тюркском стихосложении. Народы Азии и Африки, №2, 1961.-С.263.
- 4 Гумилев Л. Древние тюрки, Москва, 1967. – С.341.

ГТАМР 16.01.11

БАСПАСӨЗ ТІЛІНІҢ ТІЛ ДАМУЫ ҚЫЗМЕТІ

Ы.Б. Шақаман

Фил.ғ.к., профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

А.А. Байсын

Студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Баспасөз тілі – тіл ғылымының зерттеу нысанының бірі. Баспасөз тілінің жастардың, жалпы оқырманның тіл мәдениетін, әдеби тілін қалыптастыруда, дамытуда мәні зор.

Жаңа сөздердің енуі, сөз мағынасының кеңеюі, кейбір сөздердің мағынасының тарылуы, тіпті қолданыстан шығып қалуы, терминдердің енуі, жаңаша, мәндес тіркестердің пайда болуы да осы баспа сөздер жарияланатын шығарма түрлерінде, түрлі тақырыптық мақалаларда көрініс беріп отырады.

Түйін сөздер: баспасөз тілі, тіл, қазақ тілі, Публицистік стиль.

Баспасөз тілі – тіл ғылымының зерттеу нысанының бірі. Тілдің жазбаша өмір сүруі үшін қызмет атақаратын басты құралымыз баспасөз тілі болып табылады. Ал баспасөз тілінің тілдамыту қызметіне келер болсақ, заманауи ақпарат ғасырының «мүмкіндіктер көзін» пайдалана білудің бірден бір жолы – географиялық шегараны болдырмайтын, дүниенің төрт бұрышынан да қазақ тілін үйренуге жол ашатын, кез келген адам үшін тәулік бойы қолжетімді қазақ тілінің виртуалды мектебін құру. Қазіргі ақпараттар қарқыны аса жылдам дамыған ғасырда ерекше басымдыққа ие болып отырған интернет-сайттар арқылы тілді оқып-үйренудің шексіз мүмкіндігін көрсету – мемлекеттік тілдің қарыштап дамуына зор үлес қосатынына сенім мол. Одан бөлек тілдік қолданыстардың дұрыс жеткізілуі де баспасөз тілімен тығыз байланысты.

Публицистік стиль бұқаралық ақпарат құралы (БАҚ) арқылы жүзеге асатындықтан, тыңдарманы мен оқырманының бейнелі сөз қолданысына, шешендікке, сөйлеу әдебіне, тіпті жағымды/жағымсыз ой қалдыруға ықпалын тигізеді. Жаңа сөздердің енуі, сөз мағынасының кеңеюі, кейбір сөздердің мағынасының тарылуы, тіпті қолданыстан шығып қалуы, терминдердің енуі, жаңаша, мәндес тіркестердің пайда болуы – бәрі осы публицистік стиль арқылы танылады [2, 15]. Демек қазір ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданысқа енген сөздердің барлығы публицистік стиль, телеарна тілі, мерзімді баспасөз бен радионың әсерінен көп қолданылатын болды.

Бұқаралық ақпарат құралы арқылы шетел сөздері көп енуі арқылы бір жағынан тілдің лексикалық қоры байығанымен, екінші жағынан тілдің төл сөздері қолданыстан шығып, орнына жаңа сөздер еніп жатыр.

Шетел сөздерінің тілімізге ену, сіңісуі үш кезеңді басынан өткізді.

Бірінші кезең – шеттілдік сөздің тілімізге еніп, оның сөйлеушілер арасында белсенді қолданылуы;

Екінші кезең – шеттілдік сөздерді біртіндеп игерілу үдерісі;

Үшінші кезең – тілімізге әбден бейімделіп, толық лексика-семантикалық сипатты иеленген, белгілі формасы бар шет тіл сөздері [3, 10].

Аталған шет тілден енген сөздер қазіргі баспасөзде жиі қолданылады, оның себебі ғылым мен техниканың дамуымен жаңа атаулардың пайда болуынан туындайды.

Баспасөз тілі арқылы тіл дамуы ондағы қолданылатын сөздердің тартымдылығы мен қолданысына байланысты болады. Сондықтан мектепте тіл оқытуда, үйретуде тек оқулық мәтіндерін ғана емес, газет тілі арқылы да сөз қорын толықтыру, тіл дамыту жұмысын жүргізу маңызды орын алады. Ал тілді оқытуда, дамытуда белгілі бір әдіс қолданылатыны да белгілі.

Газет тілі арқылы тіл дамытуда мұғалім (оқытушы) алдымен бес дағдының бірін – оқылым дағдысын – жиі қолданған тиімді болып табылады. Оқылым дағдысын оқушы зейінін, ынтасын арттырудың бірден бір әдісі ретінде қолдану тіл дамытудағы сапалы нәтиже береді. Оқылым дағдысы тек бір сарынды болмайтыны да ескерткіміз келеді. Ол іштей танымдық оқылым, зерделік оқылым, ізденімдік оқылым, көрсетімдік оқылым түріне жіктеледі.

Танымдық оқылым – тіл үйренушінің кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал т.б. материалды оқып-түсінуі. Танымдық оқуда арнайы ізденушілік, деректі зерттеу мақсаты болу-болмауы міндетті емес. Бұл оқылым түрі белгілі бір ақпаратты зерттеуден гөрі өмірлік таным үшін, хабардар болу үшін жүргізіледі. Танымдық оқылымда шығарманың, мәтіннің тұтас мазмұны есте қалмайды, соның ішінен автор өзінің қабілеті мен қажетіне қарай ең маңыздысын ұғып пайдаланады [4, 25].

Мектеп қабырғасында шығарма тілін игерту оқылым түрлерімен жүзеге асырылады. Осы оқылым түрлерімен газет тілін игертуге болады. Ғалым А. Салқынбай әрбір оқырман мәтінді әрқалай қабылдағанмен, кез келген мәтіннің ортақ мазмұндық сипаты болатындығын көрсетіп, мәтін мәнінің «өзекмән» және «өздікмәні» болатынын айтады [5, 16].

Тіл игеру үшін мәтінмен жұмыс істеу барысында мәтіндегі «өзекмән» мен «өздікмәнді» пайымдап, аңғаруы маңызды. Оқырман әрбір мақаладан мәтіннің өзегін, тақырыбының ашылғанын, мазмұнын көруі керек.

Газет тілді мәтін үш түрлі болады: әңгімелеу мәтіні, сипаттау мәтіні, пайымдау мәтіні. Газет материалын көрнекілік ретінде пайдаланып, ауызша суреттеу жұмысын жүргізу-оқушының эстетикалық қабілетін дамытып, көркем сөйлеуге дағдыландырады. Мәнерлеп оқу оқушының бірнеше дағдыларын қалыптастырады. Атап айтқанда:

А) Оқушының дұрыс оқу дикциясын, дауыс мәнерін қалыптастыру;

Ә) Әр сөздің айтылуын, жазылуын және сөздердің нендей бөлшектерден құралғанын біліп, оларды дұрыс атауға дағдыландырады, сауаттылықты көтереді;

Б) Логикалық екпіндерді дұрыс қоя білуін, дауыс ырғағының мәнерлілігін дамытады;

В) тілдік фактілерді талдау процесінде жай сөйлем, құрмалас сөйлем, бірыңғай және айқындауыш мүшелер мен оқшау сөздердің контексте айтылу ерекшелігін аңғартады.

Мәнерлеп оқуға дағдыландыруда көрнекті, атақты артистер мен ақындардың текст, өлең оқуларын үлгі етіп ұсынамыз. Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс.

Газет тілі оқушының сөз байлығын молайтып қана қоймайды. Тіл дамытуды грамматика сабақтарымен байланыстыруға болады. Мектеп оқушыларының тілін дамытуды газет тілі арқылы орфоэпия мен орфографияны морфологияның сөз таптарын, синтаксистің сөйлем мүшелерін, сөйлем құрылысын, тыныс белгілерді, т.б. оқытумен тығыз байланыстыруға әбден болады. Солар ғана емес, қалайда тіл дамыту әрекетінің нәтижесінде оқушы, ана тілінің сөз байлығын толық игеруге, тілдің фонетикалық және сөзжасам жүйесін жақсы меңгеруге, морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді жақсы біліп, оларды практикалық тіл жұмсау дағдысында ұтымды, дұрыс пайдалана білуге міндетті. Баспасөз беттеріндегі мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, оқушы тілін дамытуда, көркем сөйлеуге шығармашылыққа баулуда үлкен әсері бар. Мақал-мәтелге оқушыны төменгі сыныптан жаттықтыру керек, сонда олар мақалды есте ұстап, жаттап алатындай болады. Байқап қарасаңыз, бір мақалдың өзіне грамматикалық талдау жасасауға да, сөздік жұмысын жүргізуге де болады. Мақалдардың синтаксистік құрылымы да күрделі. Сан есім мен сын есімдердің, есімшелердің заттанып келуі де жиі кездеседі. Сондықтан да мақалды жиі қолдану оқушының теориялық білімін тиянақтауға, ойын тұжырымдауға, жинақтылыққа тапқырлыққа үйретеді [6, 14].

Сонымен қатар мектеп оқушыларына газет мақаласына мынадай тапсырмалардың түрлерін ұсынуға болады:

- Мақалада берілген мәселе бойынша талқылауға сұрақтар дайындау;
- Газет мақалаларымен танысу және олардың түсініктерін тексеру (true or false);
- Газет мақалаларын информациялау және мақала бойынша сұрақтарға жауап беру;
- Мәтіннен сөз тіркестердің баламасын іздеу;
- Мақала бойынша әңгіме құру, интервью алу және рөлдік ойындар;
- Қысқаша аннотация құру;
- Шығарма жазу.

Қорыта айтқанда, мәтін арқылы оқытудың ерекшелігі сөз етілгенде тек көркем әдебиет қана емес, баспасөз материалдарының тілі де үлкен рөл атқарады. Соған сәйкес, баспасөз тілі арқылы оқытуда мәтінге тоқталмай, мәтін арқылы оқыту, тіл дамытуға тоқталмай кете алмаймыз. Ал қазіргі жаңартылған мектеп бағдарламасында баспасөз деректерінің көп кездесуі оқырманды сол арқылы қазақ тілін оқитын, қазақ тілінде ақпарат тарататын баспаларды оқытудың бір көзі деп айтсақ болады. Сол арқылы қазақ тілінде сауатты білім алып, мәтіннің мән-мағынасына үңіле алатын толқынды тәрбиелеуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. авторефераты, - Алматы, 2007
- 2 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 320 бет.
- 3 Беляева С.А. Английские слова в русском языке XVI-XX вв., – Владивосток, 1984. – 180с.
- 4 Құлмағамбетов Б., Исанова А., Исинғарина М., Көккөзова М., Құрманғалиева Р., Айтжанова П. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: «Білім» баспасы, 2000. – 144 б.
- 5 Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 241 б.
- 6 Буламбаева Р.А. Тіл дамыту жұмыстары арқылы шығармашылыққа баулу. Алдаспан №9-10, 2011 ж.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ МЕН ҒЫЛЫМЫ

Б.Ж. Таңатаров

Магистрант, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қызылорда қ.

Қазақстан Республикасы егеменді, тәуелсіз мемлекет атанып, еңсесін биік көтеріп, бар-жоғымызды түгендеп жатқан ұлттық өрлеуіміздің қазіргі беделді белесінде біз уақыт, тарих, ел мен жер, аға ұрпақ алдындағы парызымыз бен қарызымызды өтеуге зор мән беріп отырмыз. Бұл бұрыннан жалғасып келе жатқан ізгілікті із, ұлағатты салт-дәстүр, ғибратты ата жолы.

Біздің өткеніміздің бір сарасы кешегі күні Одақтың құрамында болған, ал бүгінде өз алдына жеке-дара отау тігіп, дербес даму жолына түскен бауырлас халықтардың тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Енді өз еріктерімен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына біріккен осы егемен елдердің ежелден ортақ тағдырын, уақыт пен уақиғалардың сабақтастығын, ұрпақтардың үндестігін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Әсіресе, біздің баршамыз үшін фашистік Германиямен 1941-1945 жылдары болған сұрапыл соғыс орасан зор қайғы-қасірет әкелді. Ұлан – байтақ аймағымыз тұтастай майдан даласына айналды. Басынан бақайшағына дейін қаруланып, жасанып келіп, тіршілік атаулыны тажалдай жалмаған қаскөй жаумен айқасқан адамдарымыздың бүкіл күш-қуаты мен мүмкіндігін сарқа жұмылдыруға тура келді. Ел басына күн туған қатерлі шақта миллиондаған ержүрек ерлеріміз бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді жанқиярлықпен қорғады. Аштық пен азапты, зорлық пен қорлықты, зұлымдық пен жыртқыштықты қисапсыз бастан өткерсе де қаһарман халықтарымыз әлемнің тең жартысын тізе бүктірген айбатты да қайратты дұшпанды тек өзара тығыз топтасу, ынтымақ пен бірлік, төзімділік пен қайсарлық таныту және достықтың арқасында ғана күйрете жеңіп шықты. Ұлы жеңіске қазақстандықтар қосқан қомақты үлесте біздің Сыр елінің де лайықты сыбағасының бар екендігін орынды мақтан тұтамыз [1].

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске Қазақстанның мәдени қызметкерлері де үлкен үлес қосты. Ғылым және өнер адамдарының шығармашылық еңбегі майдандағы кеңестік әскерлердің ерлігімен, жұмысшылар мен колхозшылардың тылдағы даңқты істерімен қатар Ұлы Отан соғысының ерлік тарихына өзіндік жарқын із қалдырды. Бұл кезеңдегі әдебиеттің негізгі тақырыбы – патриотизм және Отанды қорғау. Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өрендерім», Ә. Тәжібаевтың «Ленинград» өлеңдері, З. Шашкин, Қ. Аманжолов, Ә. Сәрсенбаевтың шығармалары көпке белгілі болды. Бірқатар жазушылар мен ақындар қолына қару алып, Отан қорғауға соғысқа аттанды. А.Жұмағалиев, Б. Бұлқышев, В.Чугунов соғыста ерлікпен қаза тапты. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ 90-ға жуық ақындар мен жазушылар майданға кетті. Олар майдандас жауынгерлерге батырлықтың үлгісін көрсетіп, оларды өздерінің шығармашылығымен жауға қарсы соғысқа рухтандырды. Олардың қатарында Д. Снегин, Д.Әбілев, Ж.Саин, Қ.Әбдіқадыровтар болды. Соғыс жылдары дарынды жастар Ж.Молдағалиев, Ә.Нүрпейісов, С.Мәуленов, Б.Момышұлы әдебиетке жауынгерлік рух, шығармашылық серпін берді. Кеңес халқының моральдық-саяси бірлігін күшейту ісіне Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов, М.Әуезов сынды қазақ көркем проза шеберлері аянбай еңбек етті.

Қазақстан өнер шеберлерінің бригадалары майданға аттанды, осындай 11 бригада майданда болып 870 концерт қойды. Госпитальдарда, шақыру пункттерінде, әскери бөлімшелерде, шекаралық заставаларда 15 мыңнан астам концерт берді. Жалпы концерттік ұйымдар 36,5 мың концерт қойып, оларды 9 миллионнан астам көрермендер тамашалады. Алматыда Орталық біріккен киностудия «Екі жауынгер», «Майдан», «Ол Отанын қорғайды», «Күт мені» және басқа да миллиондаған адамдардың азаматтық қалыптасуына, оларды патриотизмге тәрбиелеуге үлкен ықпал жасаған, адамдарды жеңіске үміттендірген ғажайып кинолар түсірді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мәдениеті мен ғылымының тарихнамада зерттелуі қарастырылды. Соғыс жылдарындағы мәдениет тарихының зерттелу жағдайы сарапталды. Соғыс уақыты жағдайындағы жұмысқа сай халыққа білім беруді қайта құру, жалпы білім алу туралы Заңды орындау үшін күштер мен ресурстарды жұмылдыру бойынша партиялық және қоғамдық ұйымдардың қызметі, оқушы жастар арасындағы тәрбие және саяси жұмыс тақырыбы А. Сембаевтың, Н.М. Итбаевтың, М.К. Қозыбаевтың,

М.П. Лайгердің еңбектерінде көрініс тапты. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның көркемөнер интеллигенциясының тарихының жекеленген жақтары С.А. Куандыкованың диссертациясында, соғыс жылдарындағы Қазақстан мәдениеті тарихының мәселелері А.К. Бисенбаевтың диссертациясында қарастырылды. Біздің ойымызша, соғыс кезеңіндегі мәдениет тарихының қазақстандық тарихнамасы үшін өзекті болып Р.Б. Сулейменовтың соғыстың қатаң сынағы жылдарындағы республиканың мәдениетінің жағдайын кешенді арнайы зерттеу қажеттігі туралы айтқан пікірі қала береді. Соғыс кезеңіндегі Қазақстан мәдениетінің дамуы Жеңіске жетуге шақырған патриоттық насихатқа негізделгенімен, сонымен қатар, өзінің баяу болса да, бірақ өнімді қозғалысын жалғастырды.

Болашақта Қазақстанның көпұлтты интеллигенциясының майдан қажетіне республиканы жұмылдыру міндеттерін идеологиялық және насихаттық қамтамасыз етудегі үлесін, республиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени келбетіне эвакуацияланған шығармашылық интеллигенция, ғылыми және мәдени мекемелердің ықпалы, тыл еңбеккерлері мен майдандағы жауынгерлердің патриоттық санасын қалыптастыруда Отан қорғаушылардың ұлттық және тарихи бейнелерінің мағынасы мен ролі, соғыс жылдарындағы жалпы білім беретін мектептердің тарихы мәселелеріне барынша көп көңіл бөліп, кешенді зерттеу қажет.

Қазақ халқының музыкалық мәдениетінде үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Қазақстан композиторлары 300-ден астам музыкалық шығармалар: опералар, симфониялар, әскери-патриоттық әндер жазды. Соғыс жылдарында опера өнері дами түсті. 1942 жылы Е. Брусиловскийдің «Гвардия, алға!», 1944 жылы А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» опералары қойылды. Соғыстан кейінгі жылдарда Е. Брусиловский мен М. Төлебаевтың «Амангелді», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Төлеген Тоқтаров», М. Төлебаевтың «Біржан - Сара» опералары жазылды. 1949 жылы осы операның авторларына және негізгі партиясын орындаушыларға КСРО Мемлекеттік сыйлықтары тапсырылды.

1940 жылы «Көктем» атты алғашқы қазақ балеті қойылды. Соғыс жылдарында Қазақ музыкалық театрының балетіне Г. Березова жетекшілік етіп, сахнада әлемге әйгілі артистер өнер көрсетті. 1942 жылы маусымда Галина Уланова Алматыда алғаш рет театр сахнасына шықты.

Республикада жаңа театрлар ашыла бастады. 1937 жылы Қызылордада Корей музыка-драмалық театры, ал 1944 жылы Алматыда Балалар мен жасөспірімдер театры ұйымдастырылды. 1937 жылы Қазақ театры академиялық театрға айналды, бірқатар актерлер республиканың халық және еңбек сіңірген артистері атақтарын алды. Облыстық және көркемөнерпаздар театрларының саны артты. Ш. Айманов, С. Қожамқұлов, Е. Өмірзақов, К. Қармысов, Х. Бекеева сияқты актерлер елге танылды, Ы. Ноғайбаев, Н. Жантөрин және т. б. актерлік өнер жолын бастады.

Атап отырған кезеңде гуманитарлық ғылымдардың жағдайы өте қиын болды. Соғыс басталсымен осы салаларда жұмыс істейтін ғылыми орталықтар, құнды құжаттар мекемелерін шығыс аймақтарға ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, КСРО Ғылым академиясының тарих институты – Ташкент пен Алматыда, Мәскеу университеті – Ашхабадта, Киев және Харьков университеттері Қызылорда қалаларында орналасты [18; 119]. Кеңес тарихшылары халықтың патриоттық сезімін нығайту үшін әскери-тарихи, үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Сонымен қатар КСРО халықтарының әр тарихи кезеңдерде басқыншыларға қарсы жүргізген күресі зерттеушілердің басты тақырыбына айналды. Осы бағытта жұмыс істегендердің ішінде атақты тарихшылар Б.Д. Греков, С.В. Бахрушин, Е.В. Тарле, И.Н. Минц, В.М. Хвостов, Н.Л. Рубинштейн және тағы басқалар болды. Бірқатар еңбектер 1700–1721 жж. Солтүстік, 1756–1762 жж., 1812 ж. Отан соғыстарына, 1918–1920 жж. шетел интервенциясына арналды. Белгілі тарихи қайраткерлер Александр Невский, IV Иван, I Петр; қолбасшылар А. Суворов, М. Кутузов, Б. Хмельницкий және тағы басқалар туралы көптеген еңбектер пайда болды. 1941 ж. аяғында Ұлы Отан соғысы туралы материалдар жинайтын арнайы комиссия құрылып, оның жұмысын Ғылым академиясы басқаратын болды.

Осы кездегі ірі ғылыми еңбектердің ішінде одақтас республикалардың тарихшылары бірігіп жазған көптомдық «Дипломатия тарихы» деген кітапты атау керек.

Эвакуацияда болған атақты тарихшылар С.В. Бахрушин, С.Б. Готье және А.М. Панкратова Өзбекстан мен Қазақстанның тарихын жазуға қатысты [18, 131]. Сонымен қатар жаңа ғылыми орталықтар және басылымдар пайда болды, мысалы, 1944 ж. КСРО Ғылым академиясында Өнер тарихының институты ашылып, осы жылы «Тарих және философия» сериясы шыға бастады [18, 131]. Гуманитарлық ғылымдардың осы кездегі ерекшелігін атағанда, басты үрдісті байқауға болады, мәселен, филологтар, экономистер, философтар және заңгерлер өздерінің көптеген еңбектерін әскери-патриоттық тәрбиеге және соғыс тақырыптарына арнаған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Советские Вооруженные Силы 1918–1988 гг. М., 1987.
2. Поляков Л.Е., Цена войны М., 1985.
3. Кривошеев Г.Ф., Россия и СССР в войнах XX века, статистическое исследование, М, «ОЛМА-ПРЕСС», 2001.
4. ҚООМ 2681 қор, 2 тізбе, 2542 іс.
5. Жакупова М., Тыловые эвакогоспитали Казахстана и Республик Средней Азии (САВО) Алматы, 2005.
6. Перечень № 28 частей и учреждений медицинской службы Советской армий, со сроками вхождения их в состав действующей армий в годы Великой Отечественной войны 1941–1945 гг. Приложение к директиве Генерального штаба от 28 апреля 1961 г. № 2083. М. 1961.
7. Боздақтар, Қызылорда облысы, II-том, Алматы, 1995, 456 бет. 8. Боздақтар, Қызылорда облысы, III-том, Алматы, 1956, 512 бет.
8. Правда. – 1941. – 23 қырк.
9. Кольцов А.В. Ученые Ленинграда в годы блокады (1941–1945). – М.-Л.: Наука, 1962. – С.
10. Начальный период войны / Под ред. С.П.Иванова. – М.: Военное изд-во Министерства обороны СССР, – С. 272.
11. История Великой Отечественной войны Советского Союза. – 1941–1945: В 6 т. / Под ред. П.Н.Поспелова, В.А.Антонова, И.В.Баграмяна и др. – Т. 2. – М.: Военное изд-во Министерства обороны СССР, 1962. – 649 с.
12. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 201 б.
13. История СССР. Эпоха социализма / Под ред. С.А.Сераева. – М.: Просвещение, 1977. – 559 с.
14. Берхин И.Б. История СССР. Советский период: Учеб. пособие для вузов. – М.: Высш. шк., 1987. – 703 с.
15. Верт Н. История Советского государства / Под ред. А.П.Фоменко. – М.: Прогресс-Академия, 1995. – С.
16. Сб. документов по истории СССР для семинарских и практических занятий. – Вып. Эпоха социализма (1941– 1945 гг.) / Под ред. В.З.Дробижева. – М.: Высш. шк., 1981. – С. 220.

ҒТАМР 13.11.27

ЗАМАНАУИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Д.Т. Белгібаев

Оқытушы, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы қ.

Мақалада әлемдік мәдени дағдарыстың қазіргі ахуалы, технология дамуының негізінде пайда болған заманауи құндылықтар ерекшелігі және қазіргі күндегі толеранттылық мәселелері қамтылған. Сонымен қатар мәдени дағдарысты қалыптастыратын негізгі себептері жалпыадамзаттық өркениет құндылықтарының маңыздылығы айтылады.

Түйін сөздер: Толеранттылық, жаһандану, либерализм, Мультимәдениет, Плурализм, идеология, этнос, демократия.

Солтүстік пен Оңтүстік, Шығыс пен Батыс, Еуропалық және Азиялық, құрылықтық пен теңіздік, таулық пен жазықтықтық, отырықшылық және көшпенді, қала мен дала деп әртүрлі дихотомиялармен жіктелетін кез келген мәдениет әлемге өзіне ғана тән ерекше құндылықтық өзегімен және әлемдік тарих толқынына тарихи жинақталған тәжірибесімен енеді. Осы өзегі арқылы бұл мәдениеттің бүтіндігі, қайталанбас реңкі қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі әлемдік мәдениет жағдайында қазіргі дүниеге белгілі бір құндылықтар жүйесін негізінде Батыс таңып отырғандығын атап өткен жөн. Бастапқыда Батыс өз тарихындағы жоғарғы мәдениетті қалыптастырды. Алайда ол тарихи Батыс құрдымға кетіп, оның құндылықтары көбінесе құлдырауға ұшырады.

Оның қандай себептері болуы мүмкін?

1) Тарихи қалжырау. О. Шпенглер мен Л. Гумилевтер өз еңбектерінде кез келген мәдениет алғашқы толық энергиямен соңғы мәреліктегі пассионарлық энергияның сарқылуына дейінгі даму сатысынан

өтетіндігін көрсеткен болатын. Көбінесе соңғы ғасырдағы Батыстың тынымсыз белсенді өршеленуі – фашизм түрінде және әлемдегі және жергілікті жерлердегі соғысқа ерік беруі осыдан туындайды.

2) Техника мен технологияларды жаңартудың соңына түсуге айналған белсенділік құрдымға соқтырып, соның ішінде – роботтандыру құбылысына және ойлауды бір қалыпқа түсіруге, адамның рухани жан-дүниесін жоюға әкелді.

3) Батыстың дарашылдық нұсқаулары біртіндеп қоғамдық байлықтың өсуімен таңқаларлық дәрежеде жайылып, ендігі жерде әрқайсысы бай және еркін болуға ұмтылуда. Жауыздық үлгі тұтылып, әсемдіктің орнын көріксіздік тіптен жексұрындық жайлады.

Қазіргі кезде ұсынылып отырған батыстық құндылықтардың маңыздысының бірі – толеранттылық болып табылады. Толеранттылық немесе төзімділік термині латын тіліндегі *tolerantia* – төзім (ағылшынша – *tolerance*, немісше – *toleranz*, французша – *tolerance*) мағынасын береді. Оның мәні қандай да бір нәрсені хош көрушілікті, басқа адамға өз ой еркі мен іс-әрекетін іске асыруға мүмкіндік беруді білдіреді. Біріккен Ұлттар Ұйымы осыдан он жыл бұрын 1995 жылды бекерден бекер төзімсіздікті адамзат өмір сүруінің қатері ретінде белгілей отырып, толеранттылық жылы деп жариялаған жоқ. Төзімсіздік адамның құқықтары мен еркіндіктерімен, қоғамды демократиялық ұйымдастыру принциптерімен сәйкес келмейді және мәдениеттер мен адамдар арасындағы айырмашылықты мойындамайды, оған қысым жасайды, жалпыадамзаттық дамудың қайнар көзі қызметін атқаратын алуан түрліліктің қарсыласы болып келеді [2].

Төзімділік еуропалық мультимәдениеттілік үлгісінің негізі элементі ретінде белгілі болатын. 2000-жылдардың ортасына дейін бұл Еуропа елдерінің доминантты саясаты болып келді. Ол белгілі бір елде және жалпы әлемде мәдени айырмашылықтардың сақталуына бағытталған. Оның саяси ырықтандырудан (либерализмнен) негізгі айырмашылығы – этностық және мәдени топтар болып табылатын ұжымдық субъектілердің құқықтарын мойындауында. Бұл құқықтар этностық және мәдени бірлестіктердің ағартушылық қызмет жүргізуіне, өздерінің білім бағдарламасы болуына, мектеп салуына, кітапхана ашуына, табынушылық мәнге ие нысандар салуға және сайлау кезінде біріккен саяси ұстанымын білдіруге құқық береді.

Мультимәдениеттің бір түрі ретінде американдық «бір қазанда қайнату» тұжырымдамасы белгілі. Ол бойынша американдық этностардың бір-бірімен араласып, сіңісуі нәтижесінде жаңа бір ұлттық құрылымның қалыптасуы ұғынылады. Канадада әр түрлі мәдениеттерге бір мозаиканың құраушы бөліктері ретінде қарастыру үлгісі қолданылады.

Дегенмен, батыс елдеріндегі мультимәдениет саясаты бұрмалауға ұшырағаны баршаға мәлім болып отыр. Бұл әсіресе 2005-жылы Парижде және 2011-жылы Лондонда болған оқиғалардан кейін анық байқалды. Толеранттық сана мен толеранттық қатынас мәдениетін орнықтырудағы әлемдік қауымдастықтың әрекетін қалай түсінуге болады? Халықаралық қауымдастықтың қабылдаған толеранттылық ұстындарын барлық ел бірдей қабылдай ма? Толеранттылық идеологиясының астарында бір біріне қарама қайшы саяси және экономикалық мүдделер жатқан жоқ па? Осы орайда халықаралық тұрақтылыққа қайшы келетін тұжырымдамаларды жойып, оларды толерантты концепциялармен алмастыру туралы Даллестің жоспары еске түседі. Бұл жоспардың мақсаты АҚШ-ң әлемдік үстемдікке ие болып, қалған қауымдастықтарды өзінің бағынышты жағдайына көніп, төзімді болуына мәжбүрлеу екені белгілі. Бұл жағдайдан төзімділермен төзімді болып, төзімсіздермен төзімсіз болу тәсілі келіп шығады [1].

Дағдарыс пен тығырыққа әкелетін мәселенің екінші жағы мынамен сипатталады. Батыстағы төзімді-плюралистік нұсқаулар: әркімнің басқалардың тұғырнамасына ұқсамайтын өзінің идеялық тұғырнамасы бар, алайда олармен пікір таластырмайды. Бірақ бұл жақсы ма, қалыпты ма? Осыған байланысты Н.А. Бердяев: «Ештеңеге сенбейтіндерге, ақиқатқа немқұрайлы қарайтындарға төзімді болу жеңіл» – деп жазған болатын (қараңыз: [6]). Тіптен, Ақиқатқа мұндай «бойкүйез төзімділік» сонымен қатар адамдарға деген енжарлық болып есептеледі. Плюрализм мен төзімділік мүдделі нұсқаулар ретінде бүркемеленгенімен, адамдар бірлігін шартты, немқұрайлы, таза сырттай қолдайтын идеологиялық тұрғыдан орныққан өзімшілдік ұстанымы [6, с. 33] болып шығады.

Толеранттылықтың тағы бір келеңсіз астары – басқа адамдар мен дүниетанымдарға жасанды енжарлық (және жасанды кішіпейілділік). Және ол сырттай амалсыздығына байланысты ұзаққа бара алмайды. Өзіміздің өзімшіл мақсаттарымызды шындап қозғайтын болсақ, төзімділігіміздің өзі әртүрлі экстремизм, лаңкестікке қарсы көзсіз төзімсіздікке айналар еді. Өзірше әркім «өз ақиқатымен», дұрысында әркім өз «пікірімен» қалып отырған жағдайда біздің мүдделеріміз үнемі қозғалып отырады. Дегенмен бірін-бірі жоққа шығаратын құндылықтар мен дүниетанымдарға бөлінген әлемде, төзімділік бейбіт қатар өмір сүрудің алғышарты болып табылады.

Екінші бір батыстық құндылық – плюрализм құндылығына қатысты айтар болсақ. Сөздіктерге сәйкес, плюрализм (латынша *pluralis* – көпшілік) – бірнеше немесе көптеген (біреу немесе екеумен сипатталатын монизм және дуализммен салыстырғанда) өзара тәуелсіз және бір-біріне теңгерілмейтін болмыс бастаулары мен түрлерінің, білім негіздері мен формаларының, жүріс-тұрыс үлгілерінің және т.б. болуы мен қатар өмір сүруін мойындайтын және қуаттайтын ұстаным. Хр. Вольф енгізді деп есептелетін плюрализм термині бастапқыда философияда, дәлірек айтқанда бастапқыда метафизикада, кейінірек онтология мен гносеологияда, ғылым методологиясында пайда болса, қазіргі уақытта мәдени плюрализм, діни плюрализм, саяси плюрализм және т.б. сөз тіркестерінде кеңінен қолданылады. Монистік идеология үстемдік еткен тоталитаризм құрсауынан босап шыққан Қазақстан тәрізді елдер

үшін плюрализм мәдениеттердің озбыр экспансиясы емес, тең өзара сұхбаты барысында жүзеге асырылуы тиіс, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның және демократиялық тәртіптердің шарты болып саналатын, бүгінгі көпөрісті әлемде қолданылатын үрдіс [5].

Өзін сақтап қалудың табиғи-түйсіктік өзімшілігі, жеке адамдар мен адамдар топтарының үйреншікті, ең ұнамды дейтіндерін сақтап қалуға ұмтылушылық әрқашан қауіпті және алауыздық, үйлесімсіздік және араздық жағдайларын туғызады. Әлемде бір ғана ақиқатқа, бір ғана дұрыс дүниеге көзқарасқа талпынатын дін оқулары мен философиялық ілімдер көптеп саналады. Осындай жекелеген түсініктердің көптігі дүниетанымдық әр алуандылықты туғызады [1].

Плюрализмді «космополиттікпен» шатастыруға болмайды, өйткені өзінің дұрыс мағынасындағы бұл идея ұлттық төлтумалықтан, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерден бас тартуға және өзіндік ұлттық мүдделерді қадірлемеуге шақырмақ түгілі, керісінше, оларды мойындайды, қолдайды және қорғайды. Плюрализм хошкөрушілік, толеранттылық, дінаралық және мәдениетаралық сұхбат идеяларының іске асырылуына қолайлы жағдай туғызады. Біздің қазақы дәстүрлі дүниетанымымыз да әдетте батыстық түбірге ие деп есептелетін адамның негізгі құқықтары мен еркіндіктері, тұлға мен тұлға еркіндігіне деген құрмет, демократия, кәсіпкерлік еркіндігі, «адам мен барлық жаратылысқа деген құрмет», толеранттылық пен сұхбат тәрізді іргелі, негізқұраушы құндылықтарға қайшы келмек түгілі, керісінше, оларды идеалды түрде насихаттап жариялайды және жалғыз дұрыс өмір сүру тәртібі ретінде көреді. Біздің Қазақстанда осы саясат жүргізіледі және елімізде синагог та, шіркеу де, мешіт те қатар орналасуы дәстүрлі ислами дүниетанымға еш қарсы келмейді. Оның үстіне, бұл ортағасырлық ислам өркениетінде де солай болған. Араб дәл Еуропадағы халифатында да, Алтын Ордада да әртүрлі дін мен мәдениет өкілдері қалаларда қатар өміп сүрді және дәл ортағасырлық Еуропадағы тәрізді нәсіліне, дініне және пікіріне қарай құдалаушылық, дін (сенім) мен ғылым арасында қақтығыс болған жоқ.

Соңғы жылдарда республиканың ауыл шаруашылығында тенденциялар байқалуда. Біріншіден, экономиканың көп түрлілігі тұрақты сипат алды. Барлық аймақтарда шаруа қожалықтары мен кооперативтік түрдегі кәсіпорындар, өндірістік кооперативтер, акционерлік қоғамдар арасында оңтайлы арақатынас қалыптасты.

Екіншіден, ауылдық жерде біртіндеп аграрлық қызмет көрсету, өнімді өңдеу және сату саласы қалыптасуда, ондағылар негізінен фермерлермен өзара тиімді экономикалық шартпен жұмыс атқаруда.

Үшіншіден, заңдылық – құқықтық база ауылдық жерде шаруашылық кәсіпті табысты атқаруға қолайлы жағдай жасауда. Адамдардың жер иелігіне, өнімді сататын базарларға еркін қолы жетуі жұмысқа ынталы фермерлер мен кәсіпорындар басшыларына ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді арттырып, табысты молайтуға мүмкіндік тудырады.

Ауыл шаруашылық салаларының рөлін, оның ұлттық табыстың жиынтық өнімінің жоғарылауынан көруге болады. Жалпы алғанда ауыл шаруашылық саласы екі ірі шаруашылықты біріктіреді. Ол шаруашылықтарға төмендегілер жатады:

- егін шаруашылығы;
- мал шаруашылығы.

Егін шаруашылығы – ауыл шаруашылығында егін шаруашылығының барлық бағытындағы қызметтерді (өндіру, жеткізу, тасымалдау) жүзеге асыратын АӨК маңызды бағытының бірі болып табылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының бір саласы болып табылатын егін шаруашылығы суармалы жерлерде негізгі, ал тәлімі жерлер мен шөл және шөлейт аймақтарда қосымша сала болып табылады. Егін шаруашылығының негізгі өнімдері – дәнді дақылдар, жүгері, қант қызылшасы, көкөніс, картоп, жеміс, жүзім, техникалық және бақша дақылдары.

Мал шаруашылығы – ауыл шаруашылығында халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған өнім түрлерін өндіруді жүзеге асыратын маңызды салаларының бірі. Мал шаруашылығының негізгі бағыттарына – ет, сүт, жүн, жұмыртқа және қаракөл елтірісін өндіру және тағы басқа өнімдері жатады.

Қазіргі кезде азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қолайлы даму жағдайы деп үй шаруашылығы секторында өндірістің өсуін және оның ұсақ тауарлы шаруашылыққа айналуын айтуға болады. Мұның өзі – еліміздің көпшілік аймағында халықтың өзін – өзі қамтамасыз етуді жақсарттады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын бір мезгілде жаппай ұсақтау егін және мал шаруашылығында қалыптасқан дәстүрлі технологиялық процесстерге елеулі нұқсан келтірді.

Ауыл шаруашылығын өндірушілерінің негізгі проблемасы – өз өнімін өткізетін нарықты табу. Оларға жерді қашан тыңайту қажет, қашан және нені ұрықтандыру керектігі туралы нұсқаулар беріп қажеті жоқ. Оларға потенциалды сатып алушылар қай жерде олардың қажеттіліктері мен төлеу жағдайлары қандай деген сияқты ақпараттар керек. Көптеген ауыл шаруашылығы өндірушілерінің басты проблемасы, олардың көзі жұмып жұмыс істеуінде, яғни өздері өсірген өнімді кейін қайда жіберерлерін білмеуінде болып келеді. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің сенімділігін және жұмыстарын алдын ала білулерін арттыру, олардың өнімді өткізуде перспективті нарықтарға шығуына көмек беру ауыл шаруашылық және азық – түлік департаментінің басты міндеті, міне осы.

Жедел деректер бойынша 2019 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің (қызметтерінің) нақты көлем индексі (НКИ) 88,3 % құрады. Төмендеу 2018 жылмен салыстырғанда өсімдік шаруашылығының өнім өндірісінің 22,7 %-ға азаюымен түсіндіріледі.

2018 жылмен салыстырғанда қалыптасқан нақты көлем индексіне ауыл шаруашылығының жалпы өнім (қызметтер) үлесінің 17,5 %-ды құрайтын астықты жалпы жинаудың азаюы едәуір дәрежеде ықпал етті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасының индексі отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер өндірген және әртүрлі арналар бойынша ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының өзгеруін сипаттайды. Байқау барлық меншік нысандарының ауыл шаруашылығы құрылымының іріктеу шеңбері бойынша жүргізіледі.

2019 жылғы ауа-райының қолайсыз жағдайлары картопты (2018 жылмен салыстырғанда 7,3 %-ға кеміген), жеміс-жидектерді (тиісінше 6,2 %-ға), темекіні (61,6 %-ға) жинау көлемдеріне де теріс әсерін тигізді, бұл сондай-ақ сала өнімінің нақты көлем индексінің қалыптасуына ықпал тигізген.

Мал шаруашылығы саласында өнім өндірудің өсімі оң тенденциясын сақтауда, былайша ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің) үштен бір бөлігін құрайтын етті өндіру көлемі 3 %-ға өсті. Сондай-ақ 2018 жылдың деңгейімен салыстырғанда оң факторлардың қатарында сиыр сүтін және тауық жұмыртқасын өндірудің ұлғаюын атап өтуге болады.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімі (қызметтері) көлемінің кемуі республика өңірлерінің басым көпшілігінде, ең көбі – Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарында белгіленді.

	Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің)		
	Барлығы	өсімдік шаруашылығы	мал шаруашылығы
Қазақстан Республикасы	88,3	77,3	102,9
Ақмола	60,7	46,8	99,9
Ақтөбе	95,7	83,6	105,4
Алматы	102,4	98,8	106,6
Атырау	99,7	94,4	101,6
Батыс Қазақстан	98,3	93,3	101,4
Ақтөбе	98,6	94,6	102,8
Қарағанды	93,0	85,7	98,1
Қостанай	81,1	66,7	100,9
Қызылорда	107,5	110,5	100,8
Маңғыстау	101,7	109,6	100,4
Оңтүстік Қазақстан	105,9	109,7	102,5
Павлодар	78,7	61,1	101,9
Солтүстік Қазақстан	76,7	67,7	105,3
Шығыс Қазақстан	96,1	87,8	103,3

Кесте 3. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) 2019 жылға пайызбен.

Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметтерінің) нақты көлем индексінің төмен деңгейі Ақмола облысында 2019 жылмен салыстырғанда өңірдің жалпы өнім көлеміндегі үлесі 34,7 % құрайтын дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 2 есе азаюы есебінен қалыптасқан. Сондай-ақ, НКИ-не етті өндіру көлемінің 4,5 %-ға (облыстың жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы – 24,6 %) азаюы ықпалын тигізді.

Солтүстік Қазақстан облысында өткен жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар 33,6 %-ға (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы – 43,3 %), картоп – 41,8 %-ға (тиісінше, 7,3 %), көкөніс – 15,1 %-ға (3,3 %) аз жиналды.

Павлодар облысында ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемінің азаюы 2018 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 71,9 %-ға (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы 2019 жылы 28,4 %-ға қарсы – 5,7 %), майлы дақылдарды 2 есе (ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлесі – 2,8 %), картопты – 0,8 %-ға (тиісінше, 14 %) төмендеуімен түсіндіріледі.

Қостанай облысында НКИ-не дәнді дақылдардың – 38,1 %, картоптың – 2,5 % және көкөністердің – 2,8 % түсімін жинаудың азаюы едәуір ықпалын тигізді, ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің облыстық көлеміндегі үлестері, тиісінше, 34,6 %, 4,1 %, және 1,6 %-ды құрады.

Қызылорда облысында НКИ-не өңірдің жалпы өнім құрылымындағы үлес салмағы 35 % құраған күрішті жалпы жинаудың 21,9 %-ға ұлғаюы оң ықпалын тигізді. Картопты – 2,3 %-ға (жалпы өнім құрылымындағы үлесі – 12,1 %), етті – 2,3 %-ға (тиісінше, 16,8 %), сүт өндіру – 1,1 %-ға (10,5 %) өсті.

Көкөністерді жалпы жинаудың 40,3 %-ға ұлғаюы Оңтүстік Қазақстан облысының НКИ негізгі ықпалын тигізді, өйткені осы өнім түрінің өңірдің өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 16,4 %-ды құрады. Етті өндіру 1,9 %-ға өсті (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы – 26,1 %).

Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу шараларының ішінен міндетті болып әкімшілік әсер ету табылады. Бұл – негізінен өнім сапасы, өнім стандартизациясы, экологиялық қауіпсіздігі,

өнімді тұрақты және тиімді айырбастауды қамтамасыз ететін нарықтық инфрақұрылымды құру.

2019 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша республикадағы әрекет етуші ауылшаруашылық құрылымдарының барлығы – 175636 бірлік, оның ішінде Мемлекеттік кәсіпорындар саны – 35 бірлік, шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны – 170193 бірлік, тұрғындар шаруашылығы – 2248 мың бірлік болды. Осы мәліметтерді алдыңғы жылдармен салыстыра отырып келесі 8-кесте мәліметтерін талдап өтеміз.

Көрсеткіштер	2015ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.	2019ж.
Ауылшаруашылығы құрылымдарының барлығы	15148	15948	16080	16261	16734
Әрекет етуші ауылшаруашылық құрылымдарының – барлығы	12820	14313	14482	15090	15589
С. і: ауылшаруашылығы кәсіпорындары	171	190	206	188	245
Шаруа (фермерлік) қожалықтары	12649	14123	14276	14902	15344

Кесте 4. Шаруашылық жүргізудің барлық формаларының ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны (Ақтобе облысы материалдары бойынша).

4-кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін Ауылшаруашылығы құрылымдарының барлығы барлық саны 1586 бірлікке немесе 110,5 %-ға (100-42,7) артқан, Ал, әрекет етуші ауылшаруашылық құрылымдарының барлық саны 2018 жылғы 12820 бірліктен 2017 жылы 15589 бірлікке, яғни оның саны бес жылда 2769 бірлікке немесе 121,6 %-ға артты. Шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны 2016 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 2695 бірлікке немесе 121,3 %-ға артты. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының саны да 74 бірлікке немесе 143,3 %-ға артты.

Ауыл шаруашылық санағының нәтижелері бойынша бұрын санаққа кірмей әкімшілік көздер мен ауылшаруашылық тіркелімдерден қалып кеткен ауылшаруашылық өндірушілері анықталды. Осының нәтижесінде санақ объектілерінің саны шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны бойынша 4,0 %-ға, үй шаруашылығы бойынша – 7,4 %-ға, саяжай учаскелері бойынша 5,7 %-ға артты. 2015 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша республикадағы әрекет етуші ауылшаруашылық құрылымдарының – барлығы 175636 бірлік, оның ішінде Мемлекеттік кәсіпорындар саны 35 бірлік, шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны 170193 бірлік, тұрғындар шаруашылығы 2248 мың бірлік болды.

Республика халқының 47 пайызы ауылда тұрса, 30 пайызы ауылда жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығымен айналысатын 201 890 агроқұрылым бар. Олардан басқа, ауылда шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер, бюджет саласының мекемелері мен қызметкерлері қаншама.

Қазақстандағы 5,5 миллион гектар тыңайған жер бар, біз олардың 2,0-2,5 млн гектарын немесе 36 %-ын айналымға қосуды қарастырып отырмыз. Қазір пайдаланылып жатқан 19,8 млн гектар егіс алқабымен қосып есептегенде бұл жер пайдаланудың ең тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Қазақстанда 4,087 мың ауылшаруашылық кәсіпорындары 12,4 млн. га егістік жермен жұмыс атқарады; 169,5 мың шаруа (фермерлік) қожалықтары 8,4 млн. га жерде жұмыс атқарады; 1,6 млн. үй шаруашылықтары және 364,4 мың саяжай учаскелері 79,7 млн. га жерде жұмыс атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстанда несие кооперативтерін құру қажеттілігі //Алаш аманаты атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Шымкент: Қ. А. Яссауи атындағы ХҚТУ ШИ. – 27-29 мамыр 2009 ж. – Алматы: ҮШ ҚИЯН, 2009. – 50-52 - бб.

2 Қазақстандағы аграрлық секторды реформалауды зерттеудегі шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдамалары // Түркітаным атты аймақтық ғылыми-тәжірибиелік конференция еңбектері. – Шымкент. – 15-16 қараша 2009 ж. – Шымкент: М.Әуезов атын. ОҚМУ, 2009. – 147-149 бб.

3 Аграрлық реформалауды жүргізудің экономикалық механизмінің теориялық негіздері. «Алаш Орда 90-жыл» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби ҚазҰУ. – 9 желтоқсан 2008 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 181-183 - бб.

НЕОБХОДИМОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНСТРУМЕНТОВ ПРОЕКТНОГО МЕНЕДЖМЕНТА ДЛЯ КОМПАНИЙ МАЛОГО БИЗНЕСА

И.К. Макишев, А.В. Тен

Магистранты, Международного Университета Информационных Технологий, г. Алматы

Данное исследование посвящено описанию применения проектного менеджмента в предприятиях малого бизнеса. Выделены основные направления и специфика управления проектами в предприятиях Казахстана. Так же, обозначены роль и значимость проектного управления в сфере предпринимательства. Для наглядного примера используется компания, предоставляющая услуги продвижения в интернете. Одним из путей преодоления наиболее актуальных проблем в предприятиях малого бизнеса предлагается использование методов проектного управления. Результаты, полученные в рамках исследования данной темы, будут полезны предприятиям малого бизнеса и послужат образцом при ведении проектов.

Ключевые слова: Управление проектами, малый бизнес, проектный менеджмент, методология проектов, реклама, маркетинг.

Процесс формирования и развития рыночных отношений в Республике Казахстан сопровождается нарастанием конкуренции между предприятиями всех уровней и масштабов, постоянным изменением внешней и внутренней маркетинговой среды, что требует улучшения предпринимательской и маркетинговой деятельности по созданию и потреблению товаров и услуг.

Поэтому интерес к маркетингу как к инструментарию для расширения рынка предпринимательства значительно увеличился. Маркетинг, согласно мировой практике, остается ключевым элементом любого бизнеса, инструментом развития современного рынка, который формирует атмосферу равновесности и устойчивых отношений между всеми участниками рынка.

В нынешнем мире любая компания, вне зависимости от рода деятельности и масштабов, должна иметь присутствие на цифровых информационных источниках. По данным министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, в Казахстане количество пользователей интернета в 2019 году составило 82,5%. Наряду с этим, с каждым годом растет количество зарегистрированных доменных имен под доменной зоной .KZ и .ҚАЗ. Впервые домен .KZ был официально зарегистрирован 19 сентября 1994 года. С тех пор, на конец 2019 года, официально зарегистрировано 149 029 доменов. Но так же нельзя утверждать, что каждый домен активен на данный момент и проводится работа по продвижению сайтов, но можно подчеркнуть динамику роста. Помимо этого, нельзя забывать, что существует множество иностранных сайтов и платформ, которые рекламируются в Казахстане.

Комиссия экспертов ОЮЛ «Центрально-Азиатская Рекламная Ассоциация» завершила работу по оценке рекламного рынка Казахстана за 5-летний период. Объем рынка с 2014 по 2018 года в пяти основных медиа сегментах, это телевизионная, радио, печатная, наружная и интернет-реклама составил порядка 50 млрд тенге с учетом НДС. Из них интернет реклама составляет 12 %.




Рисунок 1. Денежные затраты на рекламу в РК
Источник: ОЮЛ «Центрально-Азиатская Рекламная Ассоциация»

Рекламные возможности социальных сетей, поисковых систем и других онлайн – площадок, при рациональном использовании, являются значимым инструментом для открытия новых рынков, увеличения доли рынка, повышения узнаваемости компании, бренда, товара или услуги.

Не каждая организация может позволить себе держать в штате грамотного диджитал маркетолога или разработчика сайта по ряду причин. В таких случаях компании “отдают” на аутсорсинг все маркетинговые активности.

Существует ряд фирм, предоставляющих подобные услуги. Список услуг очень обширен, начиная с создания профиля в социальной сети, заканчивая созданием интернет-магазина с приложением на мобильные платформы. Клиент, который обращается в такую компанию, в большинстве случаев не имеет никакого представления о принципе работы тех или иных рекламных инструментов. Однако, требует мгновенного результата в виде шквала релевантных заявок при минимальном рекламном бюджете. На фоне этого начинаются губительные для взаимовыгодного сотрудничества недопонимание, конфликты, недоверие и, в итоге, потеря клиента.

«70 % наших клиентов являются непостоянными, обслуживаются у нас около 1-3 месяцев, после чего уходят. Со своей стороны мы стараемся делать все возможное для его удержания, но, как правило, клиент винит нас во всех своих неудачах.

Например, заявки приходят с сайта, менеджеры не обрабатывают клиента должным образом, что ведет к потерянной продаже. В первую очередь сокращает бюджет на рекламу». – Эдуард Осипов, директор маркетинговой компании Hardworkers.

С непрофессиональной точки зрения может показаться, что данная ситуация неразрешима. То есть можно принять и оставить все как есть, ведь невозможно кардинально изменить бизнес-процессы клиента и подстроить их под поставщика маркетинговых услуг. Поэтому, для улучшения ситуации только сама рекламная кампания может построить грамотную проектную работу, тесно сотрудничая с клиентом, при этом используя общедоступные инструменты проектного менеджмента.

Проанализируем положение дел в среднестатистическом рекламном агентстве с точки зрения проектного управления. Для наглядного примера возьмем проект разработки вебсайта, настройки рекламы в поисковых системах и социальных сетях.

Главная задача проектной команды в маркетинговом агентстве состоит в том, чтобы предоставить клиенту максимальную ценность с маленьким бюджетом и в короткие сроки. Но на практике, в небольших компаниях вообще не используют никаких инструментов проектного менеджмента. “Управляют” своими проектами, сами того не осознавая, на интуитивном уровне.

«Ведем свои проекты исходя из прежнего опыта, примерно представляем, насколько он сложный и сколько на это понадобится времени. Бюджета на проект как такового нет, все идет в общую кассу со всех заказов, в конце месяца распределяем всю прибыль, выплачиваем зарплаты, налоги, коммунальные платежи» – Алияр Асет, ведущий специалист по контекстной рекламе.

В большей части случаев ситуация формируется следующим образом:

– Бюджет – не распределенный, работающий как своеобразная “общая касса”, из которой по мере нужды будут брать капитал. В небольших проектах нехватки бюджета практически не бывает, из – за высокой маржинальности, включенной в стоимость услуг. Себестоимость работ с материально – технической точки зрения очень мала, исчерпывается лишь зарплатой специалистов и коммунальными услугами.

– Сроки – без определенной даты, определяются исходя из предыдущего опыта. В большинстве случаев компании не укладываются в сроки. По факту проект будет готов ближе к оговоренной дате, однако из-за методологии управления проектами, очень близкой к каскадной модели или модели водопада, клиент получит готовый на 100% сайт. Ввиду того что заказчик видел только макет сайта и периодически отправлял контент для его заполнения, готовый к использованию рабочий сайт он увидит в первые, и скорее всего, захочет много чего изменить. Возможно даже изменять полностью. Тем самым, увеличится срок сдачи проекта. Это главная проблема каскадной, классической модели управления проектами.

– Планирование – в устной форме, возможно в виде записок или таблицы в Microsoft Excel.

– Отсутствие контроля качества, KPI.

– Отсутствие теста на удобство использования с точки зрения потребителя.

– Проекты в первую очередь подразумевают слаженную командную работу. Основой успеха любого проекта является организация работы команды, а также установление благоприятного климата внутри команды.

– На текущий момент команду среднестатистического небольшого рекламного агентства можно охарактеризовать следующими пунктами:

– Огромный объем работы одновременно над несколькими проектами, которые привлекают их внимание в разных направлениях, рискуя маркетинговым импульсом, фокусом, возможностями роста, обязательствами и многим другим.

– Нет понимания, какие именно разработки приводят к успешности проекта, а какие наоборот, губят его.

– Слишком много времени тратится на выполнение незначимых задач. Выполнение всех поставленных задач, безусловно, кажется важным. Но неправильное восприятие уровня приоритетности задач может привести к краху как в продукте проекта клиента, так и в отношениях внутри команды.

– Отсутствие персональной ответственности за успех проекта.

– Отсутствие постоянного контакта с клиентом.

– Недостаточное понимание бизнеса клиента, так как невозможно быть экспертом во всех сферах, которые рекламирует компания.

– Внедрение инструментов проектного управления, в том числе гибких методологий в проектную деятельность может значительно повысить как эффективность команды, так и ценность конечного продукта.

В мире гибкие методологии управления проектами (Agile) развиваются очень быстрыми темпами. Сама она является относительно новой методологией, берущей свое начало с начала девяностых годов двадцатого века. Используется в основном для работы с проектами в сфере информационных технологий. Agile очень широко используется в высокотехнологичных компаниях России для проектной работы («Яндекс», Rambler, «Сбербанк», «Альфа-Банк», «М-Видео»).

Что касается Казахстана, по данным компании ScrumТес (Россия), в Казахстане всего 1-2 % компаний используют гибкие методологии в своей проектной работе. Примером может послужить АО «Казахтелеком».

– «Agile, безусловно, приносит свои плоды. Ярким примером удачного кейса я могу назвать разработку системы электронного документооборота – СЭД – для клиентов АО «Казахтелеком», которая была реализована как часть Открытой цифровой платформы Ismet.kz. Идея создания СЭД появилась по ходу реализации проекта, и MVP (продукт с минимальным функционалом) был реализован и предоставлен клиентам в течение всего лишь полутора месяцев от момента появления идеи. Мы не смогли бы этого сделать при традиционном подходе. С радостью отмечу, что на текущий момент нашей системой электронного документооборота заинтересовались многие компании. И, конечно, нельзя не упомянуть проект по аналитике данных. Мы используем Big Data для повышения качества продаж, также интересный кейс использования Agile-подхода – Бикеш Курмангалиева, управляющий директор по ИКТ-услугам АО «Казахтелеком».

Но какие преимущества могут получить небольшие рекламные агентства от использования инструментов Agile в проектной работе? Самое первое, на наш взгляд, и необходимое для внедрения решение – это итеративный метод работы. Итерации, или спринты - определенный временной интервал, за который проектная команда предоставляет ценность заказчику в виде работающего протестированного программного обеспечения, системы, или в нашем случае – вебсайта.

Спринты являются частью гибкой методологии под названием Scrum. Внедрять в небольшую компанию такую гибкую методологию целиком довольно рискованно, поэтому рассмотрим только одну ее часть [1].

На примере с разработкой сайта, спринты можно применять следующим образом:

1. На встрече с клиентом, обсуждаются все его желания и видение конечного продукта. Также детально рассматривается бизнес клиента, ведь для рекламирования продукта необходимо знать рынок и иметь о нем видение. Клиент знакомится с командой проекта.

2. В команде проекта определяют ответственное лицо, которое будет тесно держать связь с клиентом. Обычно этим занимается Аккаунт – Менеджер или менеджер по продажам.

3. Обсуждается и решается длительность спринтов, обычно это 1-2 недели.

4. В конце каждого спринта без исключения клиенту демонстрируется рабочая часть продукта, то есть ценность. Например, одна из страниц сайта, или система онлайн оплаты. Если клиента что-то не устраивает, принимаются правки. Спринт повторяется с учетом правок клиента.

5. После благополучного окончания спринта команда проекта проводит небольшое собрание, каждый из ее членов отвечает на следующие вопросы:

– Что сделано за спринт?

– С какими проблемами столкнулся?

– Как оптимизировать работу?

6. Планируется следующий спринт.

Неоспоримыми плюсами подобного метода работы являются вовлеченность клиента, он видит, что работа идет, он чувствует персональное отношение. Это ведет к повышению лояльности. В команде четко разделены роли и определены приоритеты. Также недопустима повторная работа в крупных масштабах, так как продукт сдается клиенту по частям. Проводится работа над ошибками, и команда проекта с каждым спринтом увеличивает свою эффективность, потому что все, что мешало работать в предыдущем спринте, не будет мешать в следующих. В итоге клиент получает именно тот продукт, который ему нужен.

А из минусов можно выделить не точные сроки сдачи проекта, так как итерации будут продолжаться до тех пор, пока клиент не будет полностью удовлетворён проделанной работой.

Для внедрения необходимо обучить одного сотрудника, пройдя курс онлайн или офлайн. Цены на рынке Казахстана варьируются от 100 000 тенге. Источников очень много, как пример: «Союз Проектных Менеджеров Республики Казахстан» (СПМ РК) базируется в Алматы.

Также очень значимы внутренние коммуникации в проектной команде. Зачастую, в небольших рекламных агентствах используются только устные коммуникации или передача информации по электронной почте. Применение простейшей в использовании системы обмена документами как облачное хранилище, например Google Disc, поможет передавать и хранить информацию по проектам в одном месте. Также для работы в проекте очень практично использовать функцию общего доступа. Создавая документ, можно дать к нему доступ с функцией редактирования в реальном времени всем членам команды. Это экономит время на передачу информации, можно держать на контроле прогресс коллег. Поддерживаются все форматы: текстовые документы, таблицы, презентации и т.д.

Мониторинг и контроль над командой проекта трудно выполнять вручную или по памяти. Менеджер проекта должен быть всегда в курсе происходящего, а также распределять задания, контролировать сроки и своевременность их исполнения [2].

После создания сайта, происходит первоначальная настройка и тестовый запуск рекламной компании. Наблюдая эту работу с профессиональной точки зрения, явно видна матричная организационная структура работ. У специалистов по контекстной рекламе как правило не полная занятость по одному проекту. То есть он отлаживает рекламу параллельно для нескольких проектов. Здесь четко проявляется расфокусирование внимания специалиста. Чтобы применять его ресурс максимально эффективно, проектный менеджер должен распределять его задачи, определять его загруженность и контролировать ход работы по каждому из проектов, в которых он участвует [3].

Для решения этой задачи, используется такой инструмент как лог файл.

Каждое изменение параметров приводит к увеличению или уменьшению эффективности контекстной рекламы. С целью эффективного управления всеми изменениями, для каждого клиента, используется лог файл. В целом, это очень практичный и нужный инструмент, который помогает менеджеру не только отслеживать работу исполнителей и рационально распределять нагрузку между ними, а также следить за изменениями, которые влияют на эффективность рекламных кампаний.

Что фиксируется в лог файле?

В нем вы найдете следующие данные:

- Дата изменения;
- Название кампании;
- Описание изменения;
- Текущие и ожидаемые показатели;
- Потраченное время.

Доступ к лог файлу.

Для хранения файлов используется облачный сервис Google Диск. В нем создается папка клиента, где содержатся все файлы, которые понадобились для запуска рекламной кампании, а также сам лог файл. Менеджер дает доступ всем членам команды по отдельности, для мониторинга автора изменений. Клиентам же дается доступ для просмотра, без возможности вносить изменения.

Компания использует Google Диск, потому что данный сервис имеет ряд плюсов перед альтернативными. Одним из которых является возможность хранить любой формат файлов. Команда использует файлы в формате «kcsdb», в которых содержатся информация для запуска рекламной кампании.

Чем полезен лог файл: примеры использования.

На первый взгляд, кажется, что заполнение лога – это пустая трата времени, но давайте посмотрим несколько примеров.

Пример 1. Допустим, клиент начал замечать, что стоимость рекламной кампании увеличилась, но при этом уменьшилось количество показов и кликов. Чтобы понять, почему это возникло, вы можете использовать лог файл и проверить, какой параметр и каким образом был изменён, после чего ухудшилась результативность.

Пример 2. Также предполагается вариант – некомпетентные действия нескольких менеджеров или заказчика и рекламного агентства. При помощи лог файла, менеджер сможет определить.

Одним из методов, позволяющих решить вопрос улучшения персонала и в то же время проанализировать результаты работы, является лог файл. Все данные по каждому клиенту собираются в единую таблицу для менеджера, в которой показано распределение обязанностей и степень нагрузки каждого сотрудника. Опираясь на эти данные, он может понять, какой из сотрудников недостаточно нагружен и ему можно предоставить дополнительные задания, с целью эффективного использования ресурсов.

В связи с огромным скептицизмом клиентов и сомнениями в целесообразности оплаты ведения рекламы, агентство предоставляет ограниченный доступ к лог файлу, где клиент может отслеживать, какие работы ведутся в отношении его кампании. Предоставление прозрачности работы для клиента играет значимую роль. Он видит работу компании практически изнутри, повышается лояльность, и, следовательно, клиент становится постоянным.

Литература

- 1 Jeff Sutherland, et al. Scrum: The Art of Doing Twice the Work in Half the Time. – 2014. – С. 262-267.
- 2 Frederic Laloux , et al. Reinventing Organizations – 2015. – С. 125-140.
- 3 F. Drucker, «The Essential Drucker: In One Volume the Best of Sixty Years of Peter Drucker's Essential Writings on Management». – 2008. – С. 206-239.
- 4 Craig Larman, et al. Scaling Agile/Lean Development. – 2015. – С. 56-66.
- 5 David Anderson, et al. Kanban. – 2010. – С. 101-114.

FTAMP 06.39.31

ҚР ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.З. Жумағалиева, А.М. Купенов

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ.

Қазақстанның қазіргі аграрлық нарығы тепе-теңсіздікпен, отандық өнім сапасының төмен және бағалардың жоғарылығымен, ауыл шаруашылық өндірісі, өнім өңдеу және көтерме сауда саласында бәсекеңіздің жоқтығымен сипатталады. Мұндағы жалпы халық шаруашылығын, соның ішінде аграрлық секторды реформалаудың негізгі мақсаты – ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігін көтеру, оның көлемін ұлғайту, өнім сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетті деңгейге дейін төмендету, халықты азық-түлік өнімімен, өнеркәсіпті шикізатпен толық қамтамасыз ету болып отыр. Көзделген мақсатқа жету үшін агроөнеркәсіптік кешенде кәсіпорындардың жаңа ұйымдық формаларын құру, мықты меншік иелері мен өз еңбектерінің нәтижесіне барынша көп мүдделі, жерге толық қожайын тұлғалар тобының қалыптасуы мен өсуіне алып келуге тиіс басқа елдер тәжірибесі мен экономикалық ақыл-ойға сайып, меншік формаларын өзгерту жолымен құрылымдық қайта құру жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: Ауыл шаруашылық өндірісі, аграрлық сектор, болжам, еңбек.

Еліміздегі көп салалы экономиканың құрылуы және нарықтық қатынастардың дамуы көптеген меншік формалар мен шаруашылықтардың пайда болуына алып келді. Аграрлық секторда шаруа (фермер) қожалықтарының пайда болуымен көрінеді. Экономиканың күрделілігі және басқа мәселелерге қарамастан шаруа (фермер) қожалықтары өздерінің қызметін жүргізіп ары қарай даму үстінде. Олар шаруашылық қызметін жүргізудегі икемділігімен, нарық конъюнктурасының өзгеруіне жылдам бейімделуімен ерекшеленеді. Бірақ бір қатар артықшылықтарына қарамастан шаруа (фермер) қожалықтарының қызметін шектейтін мәселелер бар:

– айналым қаржыларының жетіспеуі;
– өндірістің жергілікті жағдайларына пайдаланылатын шаруашылықтардың көлемі және мамандануы бойынша жеткілікті емес дәрежеде негізделген өндірісті тиімді ұйымдастыру әдістемелерін пайдалану;

- өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы өнімдері бағасының тепе-теңсіздігі;
- жеткілікті дәрежеде мемлекеттік қолдаудың болмауы;
- әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымның жетілмеуі;
- техниканың тозуы;
- шаруашылықтағы табиғи ресурстардың тозуы;
- көтерме сатып алушылардың төлем қабілетсіздігі;
- заң шығарушы үкіметтің жетілмеуі;
- импорттық азық-түлік үлесінің көбеюі;
- жалпы АӨК жүйесіндегі интеграцияның төмендігі.

Қазақстанның АӨК-де жүргізілген реформалар нәтижесінде, әртүрлі формалы ұйымдастыру құқықтық шаруашылықтар қызметінің негізінде экономиканың көп салалы секторы қалыптасты, шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншіктік құрылымы, олардың өзара арақатынасы және мемлекет аралық қатынасы өзгерді. Осыдан нарық құрылымдары мен бәсекелестіктің қалыптасуының материалдық алғышарты жасалады.

Талдау жұмыста агроөнеркәсіптік өндіріс тиісті деңгейде дамымай отырғанын көрсетті: ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі, оның сапасы, шығындардың төмен қайтарылымы халықтың бәсекеге қабілетті жоғары сапалы тамақтық азық-түлікке деген қажеттілігіне жауап бермей отыр.

Қазақстанның жалпы көлемінде 2019 жылғы Солтүстік өңір 68,2 % – астық, 45,5 % – сүт, 53,1 % – сиыр етін өндіреді. Шығындар көлемі – 75,1 %, сатылған ауыл шаруашылығы өнімдері – 73,3 %, пайда – 80,8 % .

Көрсеткіш	Өңір				
	солтүстік	батыс	орталық	оңтүстік	шығыс
Өңірлік өнім өндірісі	41,2	11,3	5,5	33,4	8,7
Өңірлік жалпы өнім көлемінен ауыл шаруашылығының сыбаға салмағы	24,9	3,6	5,4	20,3	13,1
Астық	67,9	10,1	4,4	11,5	6,1
картоп, көкөніс, бақша	19,1	8,5	12,3	49,1	11,0
қант қызылшасы	-	-	-	100	-
Мақта	-	-	-	100	-
майлы өсімдіктер	29,6	-	-	-	70,4
жеміс жидек	-	3,8	-	91,3	4,9
Сүт	46,6	5,4	7,6	26,5	13,9
сиыр еті	56,1	14,5	6,9	13,1	9,4
қой еті	6,6	25,9	8,8	39,9	18,8
Ауыл шаруашылығы пайдаланылатын жер	24	29	13	24	10
О.і. айдалатын жер	63	12	6	11	8
Жайылым	17	32	14	27	10
Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру шығындары	73,8	5,1	4,5	13,9	2,7
Ауыл шаруашылығы өнімдерін сату	72,5	5,9	3,5	16,1	2,0
Пайда (зиян)	81,1	4,5	7,3	6,0	1,1
1 теңге жалпы өнім шығындары (теңге)	0,25	0,09	0,08	0,04	0,03

Кесте 1. Қазақстан өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ішкі республикалық еңбектің бөлінуі (2019 ж., %).

Ауылдағы халықтың жан басына өндірілетін ет деңгейі Солтүстік өңірде орташа республикалық деңгейден 70,3 %-ға жоғары, Батыс өңірде ет – 96,0 %-ға, сүт өндіру деңгейі 90,8 %-ға, астық – 4 есеге жоғары.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің рентабельділік деңгейі Солтүстік өңір бойынша 55,4 %, Батыста – 29,7 %, Орталық өңірде – 54,5 %, Оңтүстік өңірде – 10,8 %, Шығыста – 30,1 %. Ал

Қазақстан бойынша орташа – 30,1 %, оның ішінде астық өндіру рентабельділігі, тиісінше, – 58,3; 38,3; 58,2; 28,3; 22,9, мал шаруашылығында – 0,8; 10,0; 16,2; 6,1; 25,4 %.

Ауыл шаруашылығы өндірісін басқару, болжамдар дайындауда, қабылданған бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан өңірлерінің аймақтық ерекшеліктерін ескеру керек. АӨК – і ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу және сату салаларының жиынтығы болып табылады. Сондай-ақ бұл кешенге оны қазіргі заманға сай техникамен, технологиялық жабдықтармен және т.б. қамтамасыз ететін ілеспелі өндірістер мен қызмет салалары кіреді. Өндірісті ғылыми қамтамасыз ету және кадрлар дайындау да осы кешеннің іс-қимылына тұрақты әсер етеді.

Осы және басқа да проблемаларды шешу үшін жоғарыдағы қабылданған өңірлер (5 экономикалық өңір) мен аймақтарды, олардың өзіндік ерекшеліктерін, күшті және нашар жақтарын жақсы білу керек.

Су шаруашылықтары ұйымдарының бағалауы бойынша суғару жүйелерін жыл сайын жөндеуден өткізу үшін 1 млрд. теңге қажет екен. Ал біздің есебіміз бойынша шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайларының нашарлауы есебінен 5,4 млн га айдалатын жерге егін егілмейді.

Егістік жерлердегі теріс өзгерістер өндіріс интенсивтігінің қысқару аясында жүруде (минерал тыңайтқыштар 1991 жылғы деңгейден 2,2 % енгізіледі, ал органикалық тыңайтқыштар – 4,8 %).

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердегі қара шірінді мөлшері 20-30 %-ға төмендеген. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қара шіріндінің 1,0 %-ға төмендеуі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін 5-6 %-ға қысқартады. Оның жоғалуынан әр жылы экономикалық зиян 2,5 млн теңгеге бағаланады.

Тұқым шаруашылығы жүйесі тиісті деңгейде жұмыс істемейді, сондықтан ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділіктері төмен. Қазіргі кезде тұқым шаруашылығының үш звеносынан (алғашқы, элиталық, жалпылама) сақталғаны – алғашқы және элиталық тұқым шаруашылықтары.

Шаруа қожалықтардың кезеңдерін бағалау ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуында, елдің азық-түлік мәселелерін шешуде оларға артылған үміт әліде ақталмай отырғандығын көрсеткенін негіздейді. Қалыптасқан жағдайлардың себептері мыналар болып табылады: ауыл шаруашылығы өнімдері мен ауылға жеткізілетін материалды-техникалық ресурстарға бағаның теңсіздігі, еңбек жарактану деңгейінің төмен болу себептері ауыл шаруашылығын несиелеудің тиімді жүйесінің болмауы, ауыл шаруашылық өнімдерінің отандық өндіріс нарығының қорғалмауы, ауылдағы кооперативтік қатынастардың дамымауы. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы түбегейлі экономикалық реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылық өндірісінің ұйымдастыру құрылымын анықтайтын, экономика құрылды. Халық шаруашылығында жүргізіліп отырған негізгі реформаның басты мақсаты, соның ішінде аграрлы секторда ауыл шаруашылық өнімдерінің тиімділігінің жоғарылауы, олардың көлемінің ұлғаюы, өнімнің сапасының жақсаруы және олардың өзіндік бағасының дүниежүзілік нарықта бәсекелестік деңгейіне дейінгі дәрежеде төмендеуі, халықты толығымен азық – түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, ал кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз ету болып табылады.

Ауылдық жерлердегі шаруашылықтың жаңа формасының бірі, қазіргі ауылдық аймақтағы халық өмірінің негізгі көзі болып табылатын – шаруа (фермер) қожалығы болды. Сондықтан құрылуының негізгі ұйымдастыру – экономикалық ғылыми негіздемесі мен шаруа (фермер) қожалығының қызметін жүргізуі, олардың болашақтағы дамуына деген объективті қажеттілік ретінде жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын бір мезгілде жаппай ұсақтау егін және мал шаруашылығында қалыптасқан дәстүрлі технологиялық процесстерге елеулі нұқсан келтірді.

Ауыл шаруашылық салаларының рөлін, оның ұлттық табыстың жиынтық өнімінің жоғарылауынан көруге болады. Жалпы алғанда ауыл шаруашылық саласы екі ірі шаруашылықты біріктіреді.

Ауыл шаруашылығын өндірушілерінің негізгі проблемасы – өз өнімін өткізетін нарықты табу. Оларға жерді қашан тыңайту қажет, қашан және нені ұрықтандыру керектігі туралы нұсқаулар беріп қажеті жоқ. Оларға потенциалды сатып алушылар қай жерде олардың қажеттіліктері мен төлеу жағдайлары қандай деген сияқты ақпараттар керек. Көптеген ауыл шаруашылығы өндірушілерінің басты проблемасы, олардың көзі жұмып жұмыс істеуінде, яғни өздері өсірген өнімді кейін қайда жіберерлерін білмеуінде болып келеді. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің сенімділігін және жұмыстарын алдын ала білулерін арттыру, олардың өнімді өткізуде перспективті нарықтарға шығуына көмек беру ауыл шаруашылық және азық – түлік департаментінің басты міндеті, міне осы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстанда несие кооперативтерін құру қажеттілігі //Алаш аманаты атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Шымкент: Х.А. Яссауи атындағы ХҚТУ ШИ. – 27-29 мамыр 2018 ж. – Алматы: ҮШ ҚИЯН, 2018. – 50-52 – бб.
- 2 Қазақстандағы аграрлық секторды реформалауды зерттеудегі шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдамалары // Түркітаным атты аймақтық ғылыми-тәжірибиелік конференция еңбектері. – Шымкент. – 15-16 қараша 2009 ж. – Шымкент: М.Әуезов атын. ОҚМУ, 2009. – 147-149 бб.
- 3 Аграрлық реформалауды жүргізудің экономикалық механизмінің теориялық негіздері. «Алаш Орда 90-жыл» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби ҚазҰУ. – 9 желтоқсан 2008 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 181-183 – бб.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ИСКУССТВОВЕДЧЕСКИЕ НАУКИ
BRANCHES OF ART CRITICISM

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЭКРАНДАУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

А. Хасенов

Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Бұл мақалада автор жалпы қазақ туындыларының отандық кино саласында экранизациялану тарихына тоқталады. Сонымен қатар, әр фильмге қысқаша талдау жасап, фильмнің өзектілігіне, шығарма ерекшелігіне, интерпретация мәселесіне, актерлік ойынға талдау жүргізеді. Тарихи деректерден бөлек, қазіргі таңда жемісті еңбек етіп жүрген режиссерлер туралы да сөз қозғалып, отандық авторлардың шығармаларын интерпретациялауды жолға қойып, ортақ туынды түсіру керектігін де алға тартады.

Түйін сөздер: Рухани жаңғыру, қазақ киносы, әдеби шығармалар, режиссер, актер.

Жаһандану заманында заман көшіне ілесіп, қоғамға заманауи көзқараспен қарау заңдылық. Сол себепті өнер саласы да күн сайын қарыштап дамып, әлемдік үдерісте болып жатқан жаңалықтарды игеруге тырысуда. Әсіресе, кез-келген адамға қол жетімді өнер түрі болып саналатын кино саласы жаңа белестерге көтерілуде. Отандық кино өндірісінде тың тақырыптарды көтеру арқылы түрлі халықаралық деңгейдегі фестивальдерде топ жарып жүрген режиссерлер аз емес. Түрлі тақырыптар аясы қамтылып, жанрлық түрленулер мен сапалық өзгерістер шығармашылық ізденістің өскендігін аңғартады. Әсіресе, әлем әдебиеті шығармаларының желісімен түсірілген фильмдер көп жетістікке ие болды. Дегенмен олардың арасында ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын, болмаса фальклорымыздың заманауи интерпретациясын көрсеткен фильмдер кемде-кем. Себебі, ұлттық болмысты, ұлттық бояуды жоғалтпай, тек аздаған өзгерістер енгізу арқылы бүгінгі күнге икемдеу үлкен мәселе.

Әдеби шығарманы экрандау – кинематографияда кең етек алған тәсілдің бірі екені белгілі. Қазақ киносындағы экрандалу фольклорлық шығармалар мен қазақ әдебиетінің заңғарлары М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсіреповтермен байланысты. Одан беріде Ә. Нұрпейісов, О. Сүлейменов, Ә. Тарази, Д. Исабеков, С. Елубаев сынды ақын-жазушылардың шығармалары экранда көрініс тапты. Осы аталып отырған есімдер қазақ киносының даму үдерісіне, бүгінгі деңгейіне жетуіне зор үлес қосқаны анық. Оған дәлел ретінде төмендегі шығармаларды атай аламыз. Әдеби шығарманың алғашқы экранизациясы, оның ішінде фольклор жанрының экрандық бастамасы Ғ. Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмасы бойынша «Махаббат туралы аңыз» (1953, реж. Ш. Айманов) фильмі болды. Автордың халық эпосының желісімен жазған, қазақ драматургиясындағы ең үздік пьесаларының бірі болып келеді. Оның нық және қайратты мінездері, терең сезім мен кейіпкерлер құштарлығы – бұның барлығы, әрине нағыз терең-ойлы фильм жасауға мүмкіндік берді.

Эпостың және пьесаның лейтмотиві – мәңгілік тақырып: махаббат мұңы мен бақыттылықты береді. Бұдан кейін Ш. Айманов тағы да фольклорда аңыз бойынша трагикомедиялық жанрда «Алдар көсе» (сценарий авторы Лев Варшавский Ш. Аймановтың қатысуымен) фильмін қойды. Әрбір қазақ ауылында, жайлаудағы әрбір киіз үйде Алдар-көсе жайында бейне бір жарқын танысындай әңгіме айтады. Ол туралы қалай айтса да, бәрі оның кедей және қайырымды болғанын, халық қанаушыларын жек көргенін, әділетсіздікпен күресіп, жәбір көргендерге көмектескенін бір кісідей растайды.

Лирико-эпостық жыр негізіндегі тағы бір туынды – «Қыз Жібек» (1970, реж. С. Қожықов) өте кең танымал қазақ эпосының желісі бойынша Ғ. Мүсіреповпен жазылған сценарийдің екі варианты болды. Біріншісі 1961 жылы, ал екіншісі 1967 жылы жазылды. Сценарийдің екінші варианты бірінші вариантына қарағанда оқиғаны кеңірек қамтиды. Жібек пен Төлегеннің махаббаты мен қаза болу тарихы өткен ғасырдағы ірі әлеуметтік құбылыстардың аясында өтеді. Лирикалық поэма халықтың бақытсыздығы мен тағдыры туралы эпикалық әңгімеге айналады. Фильмде ата-бабамыздың сол дәуірдегі қайғы-қасіреті мен асыл арманың, батыл әрекеті мен қажырлы күресін, эстетикалық биік талғамы мен талабын сипаттайтын тарихын суреттейді.

Халықтың асыл туындысын бүгінгі заманның маңызды да әсерлі өнері – кино тіліне аударып, жандандыруы, қазақтардың ертедегі ұлттық бейнесін бүкіл әлемге танытатындай етіп экранда көрсетті. Белгілі драматург Ғ. Мүсіреповтың дастаны сценарийде жинақталып, кейіпкерлердің мінез-құлықтары, іс-әрекеттері, көздеген мақсаттары айқындала түскен. Бұған жазушының эпосы,

пьеса либеретто жазуындағы тәжірибелері көмек болған.

Сексенінші жылдары әдеби шығармалар бойынша экрандау мәселелері төңірегінде «Қазақфильм» сценарий бөлімінде көптеген ұсыныстар мен талдаулар болды. Бұнда жаңа заман тақырыбындағы әдебиет шығармаларын экрандауға бет бұрды. Сөйтіп, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Шерхан Нұртаза, Ілияс Есенберлин, Әнуар Әлімжановтың әдеби шығармалары бойынша фильмдер түсірілді. Әдеби шығармаларды экрандауда ең сәтті шыққан туындылар режиссер Әзербайжан Мәмбетовтың фильмдері болды.

Әсіресе, қазақ киносының алтын қорына енген «Қан мен тер» (1978) фильмінің режиссері Әзербайжан Мәмбетов. Фильмнің сцен. авторы А. Михалков-Кончаловский, операторы А. Ашрапов, суретшісі Ы. Қарсақбаев, музыкасын жазған Ғ. Жұбанова болды. Киноэпопея мәнерінде түсірілген «Қан мен тер» фильмінің мазмұнына арқау болған оқиға Арал теңізі жағалауында балықшылар ауылында революциямен келген жаңалықтар және осының нәтижесінде шиеленіскен тап аралық тартыс төңірегінде өрбітіледі. Фильмдегі үш басты кейіпкер кедей жігіт Еламан, үстем тап өкілі Тәңірберген, екуінің арасындағы қыз Ақбала. Оқиға осы үш кейіпкердің төңірегінде өрби отырып, өзіндік драматургиялық шешімін табады. Басты рольдерде: Еламан – Әнуар Молдабеков, Тәңірберген – Тұңғышбай Жаманқұлов, Ақбала – Г. Шойбекова. Фильм жоғары бағаланды. «Қан мен тер» фильмі 1979 жылы Ашхабад қаласында (Түркия) өткен XII Бүкілодақтық кинофестивальда тарихи-революциялық тақырыптағы ең үздік номинациясы бойынша бірінші жүлдені жеңіп алды.

1982 жылы экранға жазушы Әнуар Әлімжановтың тарихи романының желісімен Әзербайжан Мәмбетовтың «Жаушы» (сцен. авторы О. Осетинский, опер. Ә. Қастеев, музыкасы Ғ. Жұбанова) фильмі шығады. Ал, 1989 жылы М. Симошенконың «Емшан» әдеби шығармасы желісімен «Сұлтан Бейбарыс» фильмі Б. Мансуровтың режиссерлігімен жарық көреді. Осы жылы «Қазақфильм» киностудия редакторы Мұрат Әуезов фильм туралы пікірінде былай дейді: «Фильмде XIII – ғасырдағы оқиға айтылса да жаңа бір тарихи көзқарасты және көрерменге жақсы таныс емес дәуірдің ұлы моголо тарихын көреміз» [2]. Фильм оқиғасында бала күнен алыс Египетке құлдыққа сатылып кеткен жас «қыпшақ», есейе келе айбарлы Сұлтан Бейбарысқа (Нұрмұқан Жантөрин) айналады. Ұзақ өмірі жолдарынан өткен ол биліктің шынына көтеріледі. Сұлтан Бейбарыс өмір бойы өз елін-жерін аңсайды. Фильм соңында ол өзінің туған жеріне оралады. Басты ролді сомдағаны үшін Нұрмұқан Жантөрин Калинин қаласында (Ресей) өткен Екінші Бүкілодақтық «Созвездие-90» кинофестивалінде бас жүлдемен марапатталды.

Режиссер Болат Омаровтың жазушы Смағұл Елубаевтың романының желісі бойынша «Ай астындағы үй» фильмін түсірді. Әдебиет шығармасы бойынша заман тақырыбына қойылған бұл фильмнің оқиғасы жас жігіттің өз отбасымен малшы болуға келегені туралы айтылады. Қала тіршілігіне үйреніп қалған әйелінің қарсылығына қарамай Дәуіт жұмыс жасай келе ауыл, аудандардағы әділетсіздік, парақорлық, маңсақорлық, шенеуліктің жүгенсіздігіне тап болады. Фильм барысында жас жігіт мұңын басын ашады. Бас кейіпкердің жанының тазалығын осындай ортада сақтай отырытып, режиссер әлеуметтік дағдарыстар сипатында адамның жеке басындағы ерекшеліктерді дараландырған. Бұл фильмнің жеңісі.

М. Әуезов кинодағы шығармашылығына тоқталсақ жазушының 20-30 жылдарда аралығындағы реалистік жанрдағы классикалық шығармалары желісімен түсірілген «Қараш-Қараш оқиғасы» (1969, реж. Б. Шәмшиев, сцен. авт. Ә. Тарази.), «Көксерек» (1973, реж. Т. Өкеевтің, сцен. авт. А. Михалков-Кончаловский, Э. Тропинин.), «Қаралы сұлу» (1982, реж. Е. Шынарбаев) және ең соңғы шығармасы «Өскен өрен» романының желісімен «Шыңдағы шынар» (1966, сцен. авт. Қ. Мұхаметжанов, реж. С. Қожықов) фильмдері.

Ұлы ақын Абайдың бейнесі «Абай әндері» (1945, реж. Г. Рошаль) және «Абай» (1995, реж. А. Әмірқұлов) атты көркемсуретті фильмдерінде пайда болды. Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы қазақ киносы тарихында өте маңызды орын алады. Қазақ киносы тарихында ұлттық кинодраматургия өрлеуі М. Әуезов шығармаларымен тығыз байланысты, өйткені жазушының шығармалары бойынша «Райхан» (1940), «Абай әндері» (1945), «Шыңдағы шынар» (1965), «Қараш-Қараш» (1969), «Көксерек» (1973), «Қаралы сұлу» (1982), «Абай» (1995) секілді фильмдер жарық көрді. Бұл аталған фильмдердің Әуезов шығармашылығына тікелей байланысты және қазақ киносының әрбір кезеңінде алар өз орны бар.

«Райхан» – тұңғыш ұлттық киносценарий, «Абай әндері» 1945 жылы құрылған Алматы көркемсуретті және хроникалық-деректі фильмдер студиясының тұңғыш фильмі. «Шыңдағы шынар» фильмімен Әуезов шығармаларын кинематографистердің экрандауы, «Қараш-қараш», «Көксерек» көркемсуретті фильмдерін қазақ және қырғыз кинематографистері бірігіп түсірді. «Қаралы сұлу» және «Абай» фильмдерін қазақ «жаңа толқын» киносы өкілдері түсірді.

М. Әуезов жаңа заман және өз замандарстар тақырыбында «Алуа» (1953), «Біздің совхоз» (1954) киносценарийлерін жазды.

«Қараш-Қараш оқиғасы» (сц.авт.: Ә. Тарази, Б. Шәмшиев, реж.: Б. Шәмшиев) фильмі 1969 жылы экранға шықты. Фильмде Бақтығұл әрекеттері арқылы заман суретін, ұлт өкіліне тән мінез ерекшеліктерін, тұтас бір халық трагедиясын аса шынайы көрсетілді. Бақтығұлдың басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасындағы тарихи фактілерге сүйенген деректілік, әлеуметтік теңсіздіктен келіп туған психологиялық ерекшеліктер тізбегі шығарма мазмұнына басты өзек болады.

Жоғарыда көрсетілгендей аталған және аталмаған қазақ әдебиетінде өткен ғасырдан бері қаншама әдеби шығармалар экрандалып, өз бағаларын көрмендерден алып үлгерді. Сонымен қатар соңғы оншақты жылдың ішінде де әдеби шығармалар бойынша экрандалған фильмдердің саны аз емес. Олардың қатарында Досхан Жолжақсыновтың «Құнанбайы» мен Александр Бектің «Волоколам тас жолы» повесі бойынша Ақан Сатаев түсірген «Бауыржан Момышұлы» сериалын да айтуға болады. Режиссерлер шығармашылығындағы мұндай талпыныстарды отандық киномыздағы жаңа леп, кино өнерінің дамуы, жаңашылдығы деп қабылдауымызға болады. Алдымен, экрандау дегеніміз түпнұсқа аясынан шықпай, айна-қатесіз, сол қалпында түсіріледі деген түсінік емес екенін айта кетейік. Егер фильм шығармамен аттас болса, онда режиссер жазушыны «жекпе-жекке» шақырды деген сөз. Немесе тізе қосып жұмыс істеуге бел байлады деп айтайық. Ал егер фильм атауы кітаптың атауынан басқаша болса, онда шығарманың желісі мен идеясы ғана қалып, қалған кейіпкерер, кеңістік пен уақыт өлшемдері өзгерді деген сөз.

Досхан Жолжақсынов режиссерлігімен түсірілген «Құнанбай» фильмі де қоғамда өз бағасын алуда. Бұл 2015 жылы көрермендерге жол тартқан тарихи драма жанрындағы туынды. Аталмыш туындыда М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбай бейнесі негізге алынған. Романның мақсаты заманына, сол кезеңнің саяси көзқарасына сай болды. Сондықтан да ондағы Құнанбай бейнесі экрандағы бейнеден сәл басқашалау болғаны рас. Бірақ Құнанбайдың кинодағы бейнесі арқылы Құнанбайдың белгісіз қырлары ашылғандай болды. Осының бәрін саралай отырып, режиссер кинода пендеуі Құнанбайдың бейнесін ұсынды.

Отырып алып билік айтқаннан гөрі, қиналған, ойға батқан, шешім қабылдай білетін Құнанбайды, оның өмір сүрген кезеңін көрсете алды. Осы тұрғыда келгенде М. Әуезовтің «Абай жолы» романының әр тарауына, романдағы әр кейіпкердің бейнесіне жаңашылдық тұрғыдан көз салып, келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай фильмдер, деректі фильмдер неге шығармасқа?! Жеңіл ойлы, арзан күлкіге құрылған сайқымазақ туындыларды ұсынып, ұрпақ санасын улағанша, төл туындыларымызды көптеп экрандау арқылы халқымыздың ұлттық құндылықтарын, тарихын, танымын көрермен зердесіне қайта тоқу деп түсінсек қателеспеспіз. «Абай жолы» романы қазақ халқының салт-дәстүрін, өмір сүру салтын, ұлттық болмысын толықтай көрсететін шығарма екені баршамызға мәлім. Ал Абай бейнесін тек шығармадағы бейнесі арқылы ғана емес, көгілдір экран арқылы әлемге таныту, әлемге Абай арқылы мақтану, Абай бейнесі арқылы қазақ салт-дәстүрін дәріптеуді қолға алу керек. Және оны қазіргі заман талабына сай уақыт кеңістігін де қамти отырып, қоғамдық маңызды мәселелер төңірегінде ауқымды туындыларды дүниеге әкелу арқылы ұлттық кино өнерінің дамуына зор ықпал жасауды басты мақсат етіп қою керек. «Абай жолы» романын экрандауды жаңаша түрде қолға алу сол үшін қажет. Арнайы бағдарламалар реті жасалынып, мемлекет тарапынан тапсырыстар болса, халқымыздың ұлттық бейнесін айшықтайтын, құндылықтарын қалыптастыратын туындылар жарық көрер еді.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамдық мәселеге айналған көркем әдебиет оқырмандарының азаюына тосқауыл болу үшін, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу үшін жоғарыда аталған шығармаларды сахналауды арнайы жолға қою керек. Әсіресе жас буын режиссерлерінің ұлттық туындыларымызды, отандық авторлардың шығармаларын сахналануы жемісті болатын секілді. Себебі қазірдің өзінде олар әлемдік кеңістікке шығып, кино сыншыларының жоғарғы бағаларына ие болуда. Дегенмен ол үшін жастарға қолдау көрсетіп, әдебиет сыншылары мен авторлар, сценаристер бірлесіп жұмыс істеуі керек деп ойлаймыз. Сонда ғана рухани санамызды жаңғыртатын дүниелер жарық көреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сиранов К. Киноискусство Советского Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1966
- 2 Сиранов К. Казахское киноискусство. – Алма-Ата: 1958
- 3 Федуллин А., Резников Ю. Искусство рожденное дружбой. – Москва: 1972
- 4 Очерки истории казахского кино. – Алма-Ата: Наука, 1980

- 5 Ногербек Б. Кино Казахстана. – Алматы: НПП, 1998
6 Айнагулова К., Алимбаева К. Тенденции развития киноискусства Казахстана. – Алма-Ата: 1990
7 Смаилов К. Фильм осылай туады. – Алматы: Өнер, 1981
8 Сиранов Қ. Кино, жылдар, ойлар. – Алматы: Өнер, 1983
9 Смаилова Т. Кино Казахстана: киносправочник. – Алматы: Жибек жолы, 2000
10 Камал Смаилов К. Қазақ киносының тарихы. – Алматы: 2000
11 Құрманғалиқызы Г. Әуезов және кино. – Алматы: 2000

GTAMP 18.41.91

СОҒЫС ӘНДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Ж.М. Иманбай

Магистрант, Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада соғыс әндерінің қазіргі қоғам өміріндегі рухани байлығының рөлі мен маңызы жайында ой қозғалған және өскелең ұрпаққа соғыс әндерінің тәрбиелік маңыздылығын жеткізу бейнеленген.

Түйін сөздер: рухани, ән, тәрбиелік, педагогика, соғыс.

Қазіргі Қазақстан үшін Ұлы Отан соғысы – бұл тарих, кейбіреулерге өткен күндерден естелік. Жыл өткен сайын Ұлы Отан соғысының ардагерлері азайып келе жатыр, бірақ та олардың көзін көргендер жазған хаттарын, суреттерін әскери атрибуттарын тарихи естеліктері ретінде сақтауға ықпал етті.

XX ғасырда қазақ халқы 1916 жылғы көтеріліс, 1917 жылғы төңкеріс пен 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы, 1932 жылғы ашаршылық, Ұлы Отан соғысы тәрізді ауыр катаклизмдерді басынан өткерді. Бірінші дүниежүзілік соғыста жазылған хат өлеңдерді сол кезеңдегі ең маңызды рухани құжаттар деп атауға болады. Ғасырдың басы көшпелі қазақ халқына зор сілкініс әкелді: адам мен жерді жастандырған круптық зеңбіректердің шамадан тыс мөлшері, миллиондаған армияның қозғалысы, он және жүз мыңдаған адамдарды жалмаған ауқымды әскери операциялар.

Соғыс кезіндегі әндердің қазақ қоғамының рухани өміріндегі қалыптасуы мен дамуын қарастыра отырып келесі қорытынды жасауға болады. Яғни рухани мәдениет рухани өмірдің белгілі бір жағында көрініс табады, ойша айтатын болсақ оны қоғамның рухани өмірінің ортасы деп санауға болады. Рухани мәдениеттің күрделі құрылымдары бар – олар ғылыми, философиялық-дүниетанымдық, құқықтық, адамгершілік, көркем шығармашылық мәдениеті.

Әскери-патриоттық әндер жас ұрпақты отан сүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелейді. Жиырманшы ғасырдың аяғында көк байрағын желбіретіп өзінің тәуелсіздігін жариялаған және өзге де өркениетті елдердің көшіне ілесіп дамудың демократиялық жолына түскен Қазақстан Республикасы үшін әскери әндердің маңызы айрықша. Ұлы Отан Соғысы жылдары ер етігімен су кешкен қанды майдан-жорықтарда шығарылған әндер әрбір өсиет пен ақыл-кеңестің болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы зор.

Соғыс жылдарындағы қазақ әні жоғары патриоттық мазмұнымен, сезімдерінің тереңдігімен, музыкалық және поэтикалық формаларының молдығымен ерекшеленді. Бұл халықтың идеялық және саяси өмірімен тікелей байланысты болды, оның жауынгерлік және патриоттық рухын білдірудің маңызды құралы деп те атауға лайық.

Бүгінгі күні біздің қоғамымыздың рухани бағыты ауысқан кезде көркемдік және музыкалық жетістіктер ғана емес, олардың қоғам өміріндегі рухани байлығының рөлі мен маңызына да шүбә келтіріліп жатыр. Қазір мұндай фактілерді бағалауға да тұрмайды. Жиырманшы ғасырда адамзатқа орны толмас қасірет әкелген үлкен ауқымдағы екі бірдей дүниежүзілік соғыс бейбітшілік пен соғыс проблемаларын одан әрі шиеленістірді. Әр замандағы ойшылдар соғыстарды сынады және мінгілік бейбіт өмір жайында армандап барша әлемге ортақ проблемалардың әртүрлі аспектілерін әзірледі. Олар негізінен оның этикалық жағына көңіл бөлді.

Әскери-патриоттық әндерді зерттеу кезінде қиындық тудыратын мәселелер оның мерзімділігімен және зерттеу принциптерімен байланысты. Мұндай жағдайда әскери-патриоттық әндерді зерттеу үшін басқаша негізгі ыңғай таныту қажеттігі туындайды. Сөз жоқ соғыс жағдайына тікелей әскери әндерді хронологиялық-тарихи принциптер бойынша толықтай зерттеуге мүмкіндіктер баршылық. Мұндай жағдайда біз әскери әндерді тарихи оқиғалардың контекстінде сенімді түрде қарастыра аламыз,, яғни олардың өмірге келуіне орай сол соғыстың контекстінде немесе сол соғыстың мерзіміне түйістіреміз. Бұл арада әннің жанрлық-көркемдік ерекшеліктеріне байланысты сәттер кадрдан тыс қалып қояды.

Осылайша отандық тарихтың көпшілікке кеңінен танылған мерзімділігінен туындайтынын ескеріп, біз әскери-патриоттық әндердің дамуын екі үлкен мерзімге бөлеміз – бұлар төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі мерзімдер. Алғашқысына біз Ұлы қазан төңкерісіне дейін шыққан әскери-патриоттық әндердің дүниеге келу кезеңін енгіземіз. Ал, екінші кезең – бұл Ұлы қазан төңкерісін қамтыған кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралық әскери-патриоттық әндердің проблемалары аталған зерттеуді осындай түрде ыңғайлы болуына сәйкес қарастырылады.

Қоғамның рухани өміріне жан-жақты талдау жасауға ұмтылыстың басты мақсаты оның кең етек алуы мен дамуының логикасын анықтайды және әлеуметтік өмірдің бүтіндей сипаттамасын айқындайды. Коммуникация барысында әлеуметтік-мәдени процесстердің нормалары мен құндылықтарының өзара іс-қимылы әзірленеді, оның кеңірек таралуын қамтамасыз ететін негізгі институттар қалыптасады. Біз үшін бұл контексте армия сияқты әлеуметтік институттың маңызы өте зор, бірінші кезекте әскери-патриоттық әндердің рухани құндылық ретінде кең таралуын қамтамасыз етеді. Тек қана армияның арқасында олар пайда болады, одан кейін басқа да әртүрлі институттарға тираждалады. Бұл тираждалудың табысты немесе пайдасыз болуы бірінші кезекте әннің көркемдік келбетіне, ауқымдылығы мен терең мазмұнына және қоғамның барлық бөліктері үшін мағыналы болуына тікелей байланысты. Жалпы айтқанда әлеуметтік өмірдің көп таралған кеңістігі қоғамның рухани өмірін зерттеудің нысаны болып табылады, мұнда әлеуметтік-руханилықтың өзіндік қуаты, өзара әлеуметтік іс-қимыл жасайтын рухани өмір, оның негізгі түрлері, пішіні, субъектісі процесстері институттары пайда болады, соның ішінде қоғамның рухани өмірінің бірегейі ретінде танылған әскери-патриоттық әндер де бар.

Бірақ та, қоғамның рухани өмірінің проблемасын қараған кезде туындайтын мәселе-бұл уақыт мәселесі. Уақыт рухани өмірдің көптеген аспектілерін «пайдаланады»-тек өзінің тұрақтылығының демонстрациясы, қысқа болса да мәңгілікке қалу қабілеті үшін де емес, алайда өзгеріске ұшырау қасиетін іске асыру үшін. Осы талдауымыз үшін оның соншалықты маңыздылығы шамалы. Ал, өткен мезгілдерге көз жіберсек әскери-төңкерістік әндердің көркемдігіне де, музыкалық жетістігіне де ешкім шүбә келтірмеді. Олардың зерттеу проблемаларына көптеген ғылыми еңбектер арналды, соның ішінде диссертациялық зерттеулер.

Бүгінгі күні біздің қоғамымыздың рухани бағыты ауысқан кезде көркемдік және музыкалық жетістіктер ғана емес, олардың қоғам өміріндегі рухани байлығының рөлі мен маңызына да шүбә келтіріліп жатыр. Қазір мұндай фактілерді бағалауға да тұрмайды. Біздің зерттеуіміздің мақсаты үшін оларды санаға сіңіре отырып, назарға алуымыз қажет. Жиырмасыншы ғасырда адамзатқа орны толмас қасірет әкелген үлкен ауқымдағы екі бірдей дүниежүзілік соғыс бейбітшілік пен соғыс проблемаларын одан әрі шиеленістірді. Әр замандағы ойшылдар соғыстарды сынады және мінгілік бейбіт өмір жайында армандап барша әлемге ортақ проблемалардың әртүрлі аспектілерін әзірледі. Олар негізінен оның этикалық жағына көңіл бөлді.

Соғыс жылдарындағы қазақ әні жоғары патриоттық мазмұнымен, сезімдерінің тереңдігімен, музыкалық және поэтикалық формаларының молдығымен ерекшеленді. Бұл халықтың идеялық және саяси өмірімен тікелей байланысты болды, оның жауынгерлік және патриоттық рухын білдірудің маңызды құралы деп те атауға лайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Казахстан-2030: Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы, 1997. - 176 с.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы / ред. М. Әуезов. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960. – Т. 1. – 740 б.
- 3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – 344 б.
- 4 Қазақ фольклористикасы / ред. М. Әуезов, Б. Сейфуллин, Б. Мұқанов. - Алматы: Ғылым, 1972. – 298 б.
- 5 Кәкішев Т. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ

СФЕРЫ УСЛУГ

SERVICE SECTOR

ҒТАМР

ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР АРҚЫЛЫ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУЫ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Г.Б. Сатыбай

Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

М.А. Умирзакова

Э.ғ.к., қауым. проф. м.а., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Еріктілер тақырыбы биыл мемлекет және қоғам тарапынан жиі көтеріліп келеді. Қазақстан волонтерлікті дамытудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ерікті волонтер болу дегеніміз риясыз мейірімділік көрсету, жаңа дағдыларға үйреніп, адамдарға жақсылық жасау, төрт қабырға ішіне қамалып, тағдырына налып отыратын мүмкіндігі шектеулі жандардың қызықты да әсерлі істер мен оқиғалардың ортасында болуы үшін көмектесу, тағдырдың тезімен қиын жағдайға тап болған адамның жанынан табылу, қолынан келгенше сүйеу бола білу деген сөз. Ол екіншісі бірінің қолынан келмейтін іс. Ерікті волонтерлер болу үшін адамдарға ниет білдіру, жаны ашып, есіркей білу, ашуды ақылға жеңдіре білу, командада жұмыс жасай білу ғана емес, адалдық, парасаттылық сияқты адамгершілік қасиеттер керек.

Мұқтаж адамдарға көмек қолын соза алатын кез келген адам волонтер бола алады. Волонтерлі қызметтің мақсатты бағытталған тобы түрлі көмекке мұқтаж жандар болуы мүмкін: ауру және ауру балалар, нашақор немесе маскүнем ата-ана балалары, жастар, мүгедектер, зейнеткерлер және кедей адамдар, сонымен қатар ҰЕҰ, жануарлар, табиғат және т.б.

Қазақстандағы волонтерліктің даму проблемаларына келер болсақ, волонтерліктің де басқа елдердегі сияқты тарихы тереңде жатыр. Бірақ волонтерлікті дамыту және қолдау мәселелері әлі де өзекті болып отыр.

Қазақстанда волонтерлік 1991 жылдан бастап БҰҰ Еріктілер қозғалысы бағдарламасының пайда болғаннан кейін дами бастады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының еріктілер қозғалыс қарарына қаржылай демеуші болды. 1997 қараша айында Қазақстан 100-ге жуық дүние жүзі елдерімен қатар A/RES/52/17 қарарына қол қойып, 2001 жылды Халықаралық Еріктілер жылы деп аталды. Сондай-ақ, Қазақстан Индонезия, Лаос, Маврикия мен Нигер мемлекеттерімен бірігіп 2002 жылдың желтоқсан айында A/RES/57/106 қарарына демеуші болды. Онда былай делінген: «...волонтерлік принципі кез келген стратегияның маңызды компоненті, кедейшіліктің азаюы, тұрақты дамуы, денсаулық, төтенше жағдайлардың алдын алу және басқару, әлеуметтік интеграция және әлеуметтік эксклюзивті жеңу және дискриминация».

Ең алғашқы ҰЕҰ Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін құрылды, міне солар алғашқы болып қоғамдағы волонтерлік идеясын көмектің жаңа формасы ретінде, қоғамдық өмірде азаматтық қоғамның араласуы және одақ мәселелерін сол одақпен шешу ретінде таратты. Қазіргі уақытта да волонтерлік сферасы көптеген жетістіктерге жеткеніне қарамай, ол пайда болу кезеңінде, өзіне қызығушылық танытқан барлық мүдделі жақтарды көңіл бөлуін қажетсінеді: ҰЕҰ және халықаралық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер және бизнес құрылымдар. 2006 жылы 25 шілде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстандағы азаматтық қоғам 2006-2011 жылдарға арналған дамуының концепциясына» қол қойды. Бұл концепция азаматтық қоғамның ұйымдасуы мен дамуын түрлі коммерциялық емес ұйымдардың ашылумен, мысалға ҰЕҰ секілді ерікті әлеуметті белсенді халықты тартуын қолдайды. Концепция азаматтық қоғам дамуының маңыздылығын көрсеткен. «Волонтер» немесе «Ерікті» сөздері концепцияда көрсетілмеген, тек қана ортақ бағыт берілген, ол «Елімізде азаматтық қоғамның дамуының жоғарғы сатысы ретінде волонтерлік институттың дамуын алу». Еріктілер – демократиялық елдердегі ең үлкен жұмыс күштері саналады. Соңғы уақытта Қазақстанда көптеген еріктілер ұйымдары құрылды. Алайда көпшілігі тек қағаз жүзінде жұмыс жасайды. Әзірше әлеуметтік жобалар бойынша жұмыс жасайтын бұл ұйымдарды білім, экология немесе мемлекеттік органдар ұйымдастыратын шаралар толғандырмайды [1].

2016 жылы еріктілердің мәртебесін, құқығы мен міндеттерін және мемлекеттік қолдау шараларын бекітетін «Волонтерлік қызмет туралы» заң қабылдадық. 2017 жылы «ЭКСПО» халықаралық мамандандырылған көрмесі жастарды жаппай волонтерлік қозғалысқа тарту ісін бастап берді.

«Волонтерлік қызмет туралы» заңда «...волонтерлік қызмет – жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделерінде өтеусіз негізде жүзеге асырылатын, әлеуметтік бағыттағы ерікті, ерік қалауымен орындалатын қоғамдық пайдалы қызмет...» - деген анықтама берілген. Сонымен бірге, волонтерлік қызметтің мақсаттары мен міндеттері, негіздері көрсетілген.

Волонтерлік қызметтің мақсаттары:

1) жеке және заңды тұлғаларға көмек көрсету, азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау және сақтау, дене шынықтыруды және спортты дамыту, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттар;

2) қоғамда азаматтық ұстанымды, өзін-өзі ұйымдастыруды, әлеуметтік жауапкершілік, ынтымақ, өзара көмек және мейірімділік сезімін қалыптастыру болып табылады.

Волонтерлік қызметтің міндеттеріне:

1) қоғамға әлеуметтік міндеттерді шешуге көмектесу;

2) волонтерлік қызметті ұйымдастыруға бағытталған азаматтық бастамаларды дамыту және қолдау;

3) халықтың әртүрлі нысаналы топтарымен және санаттарымен өзара іс-қимыл жасауда волонтерлік қызметтің рөлін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

4) волонтерлерге консультация беруді, ақпарат беруді және әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру және жүргізу;

5) волонтерлер топтарын – жоба іс-шараларын орындаушыларды жасақтау;

6) волонтерлік қызметке оқытуды ұйымдастыру жатады [2].

Қазақстанда 2020 жыл – Волонтер жылы деп жарияланды. Жылдың ішінде денсаулық сақтау, әлеуметтік қызмет көрсету, мәдениет және басқа да салаларда 7 жалпыұлттық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жергілікті деңгейде бірқатар шаралар қарастырылған. Әр өңірде 10-ға дейін волонтерлік стартапты қолдау және іске асыру, волонтерлер және волонтерлік ұйымдармен жұмыс бойынша үйлестіру шараларын ұйымдастырылып жатыр [3].

Еріктілер қозғалысының әлемдік тәжірибесіне тоқталатын болсақ, әлем бойынша еріктілер саны 970 миллионға жетіп жығылады. Джон Хопкинс университетінің зерттеуі бойынша олардың осы қызметке арнаған уақыты 125 млн адамның толық жұмыс күніне сай келеді екен. Төрт адамның біреуі ғана уақыты мен біліктілігін арнайы ұйымдар арқылы осы іске арнаса, қалған үшеуі айналасындағы адамдарға тікелей көмектеседі. Экономикалық әсеріне келсек, еріктілер қызметі 1348 триллион АҚШ долларымен есептеледі, бұл ғаламдық экономиканың 2,4 пайызын құрайды.

Зерттеулерге сүйенсек, халықаралық еріктілердің ең көбі АҚШ-та. Көмекке дайын азаматтардың 84 пайызын ғаламдық проблемалардың ішінде кедейлік мәселесі алаңдатады екен. Мысалы, Үндістан еріктілерді ең көп қабылдайтын ел болса, қоғамдағы мәселелерді жақсартуда өз күшіне сенетін азаматтар құрлықтар арасында Африкаға қарай ағылады [4].

Қазақстанда волонтерлік қызметті дамыту үшін мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар қолдау көрсетуі қажет деп ойлаймыз. Ол үшін төмендегі жағдайларды жүзеге асыру қажеттілігі туындайды:

1. Мемлекет үшін – волонтерлік туралы заң елімізде волонтерлік статустың жоғарылауымен, жағдай жасау мен волонтерлік құжаттамасы, сонымен қатар волонтерлік институтың қалыптасуы мақсатында қабылдау керек, волонтерлардың ел экономикасына үлес қосып жатқандығы туралы ресми зерттеуін қолдау, волонтерлерге қолдау көрсету.

2. Үкіметтік емес ұйымдар үшін – волонтерлік туралы әлеуметтік жарнамалардың алға басуын қадағалау, соған байланысты түрлі конкурстар ұйымдастыру, волонтерлік қызметке еріктілерді шақыру, қоғамдағы проблемаларды волонтерлер арқылы анықтап, шешу жолдарын қарастыру, волонтерлардың елге қаншалықты маңызды әрі қажет екендігін түсіндіру.

Ұлттық волонтерлік желі Қазақстан Республикасы азаматтары мен заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі. Желі Қазақстанда 2010 жылы азаматтар, азаматтық қоғам институттары, бизнес секторлар және мемлекеттік құрылымдар арасында волонтерлік, волонтерлік бастамалары мен волонтер мәдениетін қалыптастыру, қолдау және дамыту мақсатында құрылды.

Ұлттық волонтерлік желі жыл сайын мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-құрылымдар үшін волонтерлік қызметті одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар пакетін дайындайды. Бұл ұсынымдар орталық және өңірлік деңгейлерде волонтерлік бағдарламаларды іске асыру саласындағы ағымдағы жағдайды талдау және бағалау негізінде, волонтерлік қозғалыстың тікелей қатысушыларымен, волонтерлік қоғамдық ұйымдармен өткізілген кездесулер мен фокус-топтардың қорытындылары бойынша әзірленеді [5].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Birgemiz» атты волонтерлар фронт-офисінің ашылу рәсіміне қатысу сөзінде «... Волонтерлік қызметтің басты мақсаты да – бірге жұмылып,

халыққа қызмет ету. Шынайы жанашырлық көрсету – қазақ халқына тән қасиет. Міне, нағыз волонтер болудың озық үлгісі деп осыны айтуымыз керек. Бүгінде дүние жүзінде бұл үрдіс кең таралып, әлемдік қозғалысқа айналды. Қазірдің өзінде жер бетінде 1 миллиардқа жуық адам волонтерлікпен айналысады. Ал бізде – 16 мың. Бұл, әрине, аз. Бұл көрсеткішті 100 мыңға дейін көтеруге болады. Олардың жаһандық дамуға тигізер үлесі зор. Әлемдік ішкі жалпы өнімнің 2,5 пайызы – Еріктілер еңбегінің нәтижесі. Көптеген елде Ерікті болу қалыпты жағдай, үлкен құрмет саналады. Жұртшылық оларды сыйлайды. Мысалы, Франция халқының жартысына жуығы волонтер атанған. Германия мен Жапонияда еріктілердің саны жылдан жылға көбейіп келеді екен» - деп атап өтті [6].

Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдар Қазақстандағы волонтерлік мәселесінің дамуын жаңа сатыға шығаруы мүмкін. Волонтерлік қозғалыстар сонда да еліміз үшін жаңа құбылыс, өзіндік перспективті қиыншылықтары бар. Волонтерліктің құрылуы азаматтық қоғам тарапынан тиянақты үлес қосуды, мемлекеттік құрылымдар тарапынан түрлі қолдау көрсетуді және бизнестің назар аударуын талап етеді. Міне, сонда ғана волонтерлік қоғамда өзіндік маңызды орынға ие болады. Қазақстанда волонтерлік қызмет жастардың және өзге де әлеуметтік топтардың елдің мәдени, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысуының тиімді тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Нурбекова Ж.А., Айдаркулова Ж.У. Қазақстандағы волонтерлік мәселесі// <https://articlekz.com/>
- 2 Волонтерлік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz>.
- 3 «Волонтер жылы» аясында қандай шаралар ұйымдастырылады. // <https://www.inform.kz/>
- 4 Волонтерлік қызмет шетелде қалай шешімін тапқан? <https://egemen.kz>
- 5 Ұлттық волонтерлік желі. // [tps://kk.wikipedia.org](https://kk.wikipedia.org)
- 6 Тоқаев Қ.Ж. Волонтер жылы-кезекті науқан емес. // <http://ult.kz/post>

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ОТРАСЛЬ ТЕХНОЛОГИИ
TECHNICAL SCIENCES AND TECHNOLOGIES
OF THE INDUSTRY**

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ
AGRICULTURAL SCIENCE**

SPEECH SYNTHESIS OF THE KAZAKH LANGUAGE USING DEEP CONVOLUTIONAL NEURAL NETWORKS

E.N. Amirgaliev, A.S. Toleuzhan

International University of information technology, Almaty, Kazakhstan

The article describes the process of modeling a speech synthesis system based on available acoustic data used for machine learning in order to obtain a model that corresponds to the natural characteristics of speech. The characteristic features and architectures of CNN convolutional neural networks are presented, in which data is implemented as a set of images, and local convolution operations are used that modify and combine map image data with each other. Current methods of machine learning and the use of a GPU-accelerated library for deep neural networks are considered. Information is given about the preparation of a training experimental database, the process of machine learning of the system, setting the parameters of the neural network, the dynamics of improving the indicators of the attention matrix and the result of training the deep convolutional network CNN.

Keywords: *speech synthesis system, machine learning, deep convolutional neural network, CNN networks.*

Currently, speech synthesis is used in a variety of areas: voice assistants, information and reference systems, military and space technology, robotics, acoustic dialogue between a person and a computer. Until recently, speech synthesis systems were multi-module complex applications that implement a variety of algorithms and approaches. Modern speech synthesis systems are based on the use of neural network programming and machine learning methods, which have managed to automate the operation of most components of such systems.

Machine learning is a branch of artificial intelligence that is characterized not by a direct solution to a problem, but by learning in the process of applying solutions to many similar problems. Machine learning is located at the intersection of mathematical statistics, optimization methods, and classical mathematical disciplines, but it also has its own specifics related to information extraction, data mining, and computational efficiency problems.

The scope of application of machine learning technologies is wide and is constantly increasing, including image recognition, medical and technical diagnostics, statistical analysis, forecasting, management and decision-making tasks, processing text arrays, and speech synthesis. For example, in the field of linguistics, machine learning helps determine the grammatical characteristics of words; in phonetics, machine learning is used to predict the frequency of the main tone and the length of phonemes. Prosodic characteristics, such as determining the length and location of pauses, and predicting intonation, can also be trained. This article describes the process of modeling a statistical speech synthesis system based on available acoustic data used for machine learning of the system in order to obtain a model for matching speech characteristics. Machine learning is based on data, and the effectiveness of speech recognition and synthesis depends directly on their quality and quantity.

Therefore, a necessary condition for implementing machine learning methods is the availability of a large amount of data in the form of a specific language corpus based on the use of acoustic-phonetic, text, and speech databases.

Convolutional neural networks

CNN for speech synthesis

The most common machine learning models are artificial neural networks, which used to process input data from a combination of distributed simple operations that depend on the parameters being trained. Modern neural networks used in forecasting, image and speech recognition, text generation, and many other tasks. The most optimal types are convolutional networks and recurrent neural networks.

To create the speech synthesis system described in this article, a deep convolutional neural network was used, which has been successfully used by other researchers in pattern recognition, audio signal processing, and speech processing. A characteristic feature of convolutional neural networks is the use of data representation in the form of a set of images (maps) and the use of local operations-convolutions that modify and combine map data with each other.

Figure 1 shows a model of a convolutional neural network consisting of only two 2D convolutional layers, followed by the global maximum pool layer (GlobalMaxPool). The model input is represented by a feature matrix X of size $N \times M$. The first convolutional layer consists of K filters of $1 \times M$ size with the ReLu activation function. The second convolutional layer has only 1 filter size 1×1 . It combines the functions selected by the convolution filters on the previous layer for each of the N candidates separately. This layer does not have an activation function. After that, the GlobalMaxPool layer selects the candidate with the maximum activation, thus assuming that the candidate contains a harmonic as a component of the input signal [1]. Then the selected candidate goes through the sigmoid activation function, as a result, the network output will be represented by the probability that the input signal is a voice.




Figure 1. Architecture of a 2-dimensional convolutional network.

The efficiency and quality of a neural network depends on the choice of its architecture. When modeling speech synthesis systems, deep convolutional neural networks are often used, which consist of 1000 to 2000 neurons in each of the 6-8 hidden Layers (Fig. 2).




Figure 2. Architecture of a multidimensional CNN network.

Preparation of training data The basis of the methodology for creating speech databases of natural languages used for machine learning is the presence of a large volume of recorded speech (from 15 hours), in addition, the corpus must be balanced and as complete as possible, that is, contain all the necessary units in all possible contexts with different characteristics. Previously, an experimental training database (5 hours of speech) was compiled, and audio materials that are freely available were used.

When building speech synthesis systems, one of the most important tasks is to segment and label databases of speech signals into semantically and phonetically significant units of speech, and in our particular case, these are phonemes. The resulting segments are stored in the database and used for machine learning of acoustic models in the integrated system, with subsequent generation of the speaker's voice in the text-to-speech synthesis system. One of the specific methods of working with trained systems is to set the system parameters for a specific language and select the alphabet. Since the Kazakh speech synthesizer model uses phonemes as input alphabet symbols, it was necessary to solve the problem of transcribing texts according to the rules of grapheme to phoneme, taking into account the phonetic features of the

Kazakh language. The task was solved by creating a phonetic transcription module, and then the prepared text-training sample was transcribed.

Thus, a training experimental base was created, consisting of 3500 sentences, and each sentence corresponds to an audio file in wav format with a sampling frequency of 22050 Hz. After that, the system module was activated, which is responsible for receiving spectrograms of audio files, on the basis of which deep learning of networks takes place (Fig. 3).




Figure 3. Sample offer from the training database.

Machine learning of the system was based on libraries and modules of the Python programming language (Tensorflow, matplotlib, numpy, scipy).

The main training stage of the speech synthesis system consists of two networks: Text²Mel [2], which synthesizes the Mel spectrogram from the input text, and Spectrogram Super-resolution Network (SSRN) [3], which converts the Mel spectrogram of the signal to the STFT amplitude spectrogram, taking into account frame skips and restoring the sample rate.

Description of the machine learning process

Machine learning is implemented as a process of computer analysis of prepared statistical data in order to search for patterns and create the necessary algorithms based on them, configure the parameters of the neural network and further predict the operation of the system.

There are 3 main ways of machine learning [4]:

- training with a teacher;
- training with reinforcement;
- training without a teacher (self-study).

In training with a teacher, specially selected data is used, in which the correct answers are already known and reliably determined, and the parameters of the neural network are adjusted so as to minimize error. In this method, the artificial intelligence system can match the correct responses to each input example and identify possible dependencies of the response on the input data. You can train the system on very large amounts of input data and vary the parameters of neural networks until the output results are expected. After that, you need to check how the system predicts the result for control data that the computer has not yet encountered.

Most often, training with a teacher is used to solve classification, regression, and forecasting problems. For example, there are classification algorithms for analyzing text and determining parts of

speech of a particular language in texts of various subjects. regression can be used to categorize text documents.

Reinforcement learning is based on regulated learning processes in which the machine learning algorithm is provided with a set of actions, parameters, and end values. After defining the rules, the machine learning algorithm tries to explore different options and possibilities, tracking and evaluating the result each time to determine which of the options is optimal. Supported learning is a trial-and-error method for a machine. She learns from past experience and changes her approach, reacting to a new situation, trying to achieve the best possible result.

If you use a method of teaching without a teacher, the machine learning algorithm examines the data in order to identify patterns. There is no ready-made data with responses or an operator that can train the machine. On the contrary, the program itself determines correlations and relationships based on the analysis of available data. When teaching without a teacher, the machine learning algorithm is allowed to independently interpret large data sets and draw conclusions based on them. The algorithm tries to sort the data in some way and describe its structure. This may look like grouping data into clusters, or it may look like ordering data so that it starts to look organized.

As data becomes available for analysis, the ability of the algorithm to make decisions based on this data, as well as the accuracy of these decisions, increases. A good example of self-learning is clustering, which involves grouping similar data based on certain parameters. This can be used to segment data into multiple groups and perform analysis based on each data set separately to find patterns. Learning without a teacher can also be used to analyze the tone of utterances to determine the emotional state of people based on their spoken and written speech.


Deep learning mechanisms typically use multi-layer neural networks and a very large number of object instances to train the neural network. The number of records in a training sample can number hundreds of thousands or even millions of examples, and when resources are not limited – even more.

The size of the training database and the number of input data entries depend on how the machine creates the necessary classification rules. The more heterogeneous data is uploaded to the system at the machine learning stage, the more accurately these rules will be detected, and the more accurate the result of the speech synthesis system will be in the end, and the speech signal generated at the output will be of higher quality.

For novice researchers in the field of machine learning and its application for speech synthesis, it is advisable to use machine learning methods with a teacher. This software requires less time and financial resources when creating a prototype of a working system and practical development of artificial neural network techniques. In this case, you can get a functioning artificial intelligence system for a specific task faster. Currently, there are a large number of freely available high-quality libraries of software code for artificial neural networks, such as TensorFlow for mathematical modeling, OpenCV for image recognition problems.te

Speech generation with a pre-trained model can be performed on the GPU and CPU, but the speed of speech synthesis on the CPU in our case has decreased tenfold.

The training of the system lasted 27 hours, 500 thousand iterations were performed for the Text²Mel neural network, and 270 thousand iterations were performed for the SSRN network.






Figure 4. The dynamics of learning matrix attention.

Figure 4 shows the dynamics of improving the indicators of the attention matrix when training a neural network (50 thousand iterations, 100 thousand iterations, 310 thousand iterations).

The TextEnc network first encodes an input sentence $L = [l_1, \dots, l_N] \in \text{Char}^N$ consisting of N characters in two matrices $K, V \in \mathbb{R}^{d \times N}$. On the other hand, the AudioEnc network encodes a large-scale spectrogram $S (= S_{1:F,1:T}) \in \mathbb{R}^{F \times T}$, of previously recorded speech, whose length is T , into a matrix $Q \in \mathbb{R}^{d \times T}$.

$$(K, V) = \text{TextEnc}(L). \quad (1)$$

$$Q = \text{AudioEnc}(S_{1:F,1:T}) \quad (2)$$

The attention matrix $A \in \mathbb{R}^{N \times T}$ defined as follows evaluates how strongly the n -th character l_n and the t -th time interval are related

$$A = \text{softmax}_{n\text{-axis}}(K^T Q / \sqrt{d}) \quad (3)$$

$A_{nt} \sim 1$ implies that the module looks at the n -th character l_n on the time interval t , and it will look at the l_n or l_n+1 or the characters around them on the subsequent time interval $t+1$. Whatever happens, you should expect them to be encoded in the n -th column V . Thus, the initial number $\in \mathbb{R}^{d \times T}$ decoded in subsequent frames $S_{1:F,2:T+1}$, is obtained as:

$$R = \text{Att}(Q, K, V) := V A. \quad (\text{Note: matrix product}) \quad (4)$$

The result R is combined with the encoded sound Q , as $R' = [R, Q]$.

The concatenated matrix $R' \in \mathbb{R}^{2d \times T}$ is then decoded by the Audio Decoder module to synthesize a large scale spectrogram:

$$Y_{1:F,2:T+1} = \text{AudioDec}(R') \quad (5)$$

At the stage of synthesis of the matrix of attention and sometimes may not be able to read some symbols. Typical errors that occur most often are:

- sometimes several characters are skipped;
- repeatedly reads the same word twice or more.

To make the system more reliable, it is necessary to heuristically modify the A matrix as «almost diagonal». After this, it is observed that the device sometimes begins to mitigate such errors [5].

Conclusions

The result of the experiment on machine learning and modeling of the Kazakh speech synthesis system was successful, it was possible to synthesize the speech signal. According to our preliminary estimates, the quality of synthesized speech is average. Some words are still poorly read by the system, long and short vowels are not always correctly voiced, and the system's voice is robotic, but at this initial stage, with the use of a minimal training base, the result is more positive: the Kazakh speech synthesis system has been created, and it remains to improve the quality.

References

- 1 Vashkevich R. (2018) «Convolution alneural network with semantically significant activations for speech analysis». Otkrytye semanticheskie tehnologii proektirovaniya intellektual'nyh sistem = Open Semantic Technologies for Intelligent Systems (OSTIS-2018): materialy Mezhdunarodnoj nauchno-tehnicheskoy konferencii [Materials of the international scientific and technical conference. Minsk, February 15-17, 2018) Minsk: BSUIR, Pp. 227-230.
- 2 Goodfellow et al., Deep Learning, MIT Press, 2016, <http://www.deeplearningbook.org>.
- 3 Y. Wang et al., "Tacotron: Towards end-to-end speech synthesis," in Proc. Interspeech, 2017, arXiv:1703.10135.
- 4 Klimov M.I. and Men'shov I.S. (2012) Effektivnyj parallel'nyj raschet zadach mehaniki sploshnoj sredy dlja sistem gibridnoj arhitektur' Nauchnyj Vestnik MGTU GA – M. MGTU GA. [Effective parallel calculation of continuum mechanics problems for hybrid architecture systems // Scientific Herald of the Moscow State Technical University GA – M. MSTU GA] №194. Pp. 31-39.
- 5 Hideyuki Tachibana, Katsuya Uenoyama, Shunsuke Aihara. Efficientlytrainabletext-to-speechsystembasedondeepconvolutionalnetworks with guided attention/ URL: <https://arxiv.org/pdf/1710.08969.pdf>

GTAMP 38.53.21

КЕН ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҰНҒЫМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ТҰЗ ШӨГІНДІЛЕРІМЕН КҮРЕСУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Б.Ж. Бурханов

Т.ғ.к., доцент, Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

Ж.И. Калжанова

Магистрант, Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

Бұл мақалада мұнайдың белсенді органикалық компоненттерінің тұздардың кристалдану процесіне әсері туралы растау жұмыстарда келтірілген, онда активті органикалық қосылыстар ілеспе газда болатын әртүрлі иондардың тұнбалары болып табылатыны анықталған. Сарапталған және салыстырылған жұмыстарды қорытатын болсақ кен орындарындағы өнімдерді тиімді пайдаланудың бір жолы ол барлық пайдалаушы жабдықтар арқылы сұйықтармен бірге өтетін тұздардың шөгінділерінің алдын алу болып табылады деп айтуға болады.

Түйін сөздер: мұнай, мұнай компоненттері, кристалдану, газ, конденсат.

Еліміздің экономикасының негізгі тірегі болып табылатын мұнай және газ саласының мәселелері мен болашағына көз жүгіртетін болсақ, 2018 жылы Қазақстанда игеруде 160 кен орны болды, оларда мұнай өндіру жалпы алғанда 90,4 млн тоннаны, ал газ – 55,5 млрд текше метрді құрады. Олардағы жалпы өндіру 54 млн тоннаны немесе Республикадағы өндіру көлемінің 60 %-ын құрады.

Қалған 40 млн тонна кен орындарында өндіріліп жатыр, олардың көпшілігі жетілген, ал оларды игеру кейінгі кезеңде. Әдетте, оларға алынатын өнім өте суланған, ал қалдық қорлар көбінесе қиын алынатын санатқа жатады.

Ал бүгінде Қазақстан көмірсутегі шикізатының үлкен қорына ие екені белгілі. Әлемдік сарапшылардың бағалауы бойынша ел қара алтын қоры бойынша 12-ші орында. Қазір 2025 жылға қарай 100 млн тоннаға дейін өндіруді одан әрі арттыру міндеті тұр.

